

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІН ЗЕРТТЕУ:

**Резонанс тудырған
ұлтаралық қақтығыстардың
элеуметтік желідегі көрінісі.
Ықтимал шешімдер**

“

”

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІН ЗЕРТТЕУ:

Резонанс тудырған ұлтаралық
қақтығыстардың әлеуметтік
желідегі көрінісі.

Ықтимал шешімдер



ӘОК (ӘОЖ) 323.1 (574)
КБЖ 66.3 (5Қаз)6
Қ88

© MediaNet ХЖО, 2021

Редакторлар: Әділ Джалилов, Думан Смақов
Авторлар: Серік Бейсембаев, Ксения Кряквина,
Дина Көшербаева, Оразай Қыдырбаев, Дәмеш Сатова,
Жұлдыз Смағұлова
Жоба үйлестірушілері: Снежана Цой, Сәния Әбдіғапарова
Медиа мониторинг: Жансерік Тілеухан, Станислав Ханин
Аудармашылар: Жұлдыз Әбділда, Сәния Әбдіғапарова
Корректорлар: Есей Жеңісұлы, Оксана Куш
Дизайн: Ескендір Кабдулин

ISBN 978-601-06-8168-2

Қазақстандағы өшпенділік тілін зерттеу: резонанс тудырған ұлтаралық қақтығыстардың әлеуметтік желідегі көрінісі. Ықтимал шешімдер/ Редакторлар: Ә.Джалилов, Д.Смақов – Алматы: MediaNet ХЖО, 2021. 96 б. – қазақ және орыс тілдерінде.

Зерттеуде 2020 жылғы ақпан мен 2021 жылғы қыркүйек аралығында Facebook әлеуметтік желісінің қазақстандық сегментіндегі 18 пікір көшбасшысының жарияланымдарына, Instagram желісіндегі танымал 9 пабликтегі жазбаларға, сонымен қатар оқырманы көп 9 онлайн-медианың материалдарына жүргізілген мониторинг пен сарапшылар талдауы топтастырылған. Зерттеу Қордай ауданында болған қақтығыстар мен тіл сақшылары секілді екі оқиғаға байланысты өшпенділік тілін талдаудан тұрады.

Дисклеймер: Зерттеу мәтінінде мысалға келтірілген өшпенділік немесе дұшпандық белгілері бар цитаталар құқықбұзушылық ниетпен жазылмаған және тек академиялық мақсатта қолданылған. Сонымен қатар құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, пропагандалық және ҚР «Экстремизмге қарсы іс қимыл туралы» Заңында көрсетілген басқа да жағдайлар аясында экстремизмнің алдын алу мақсатында құқықбұзушылық әрекеттердің болуына әсер ететін себептер мен жағдайларды анықтау және оның алдын алу мақсатында пайдаланылған.

Зерттеу Конрад Аденауэр атындағы Қордың қаржылық қолдауымен дайындалып, басып шығарылды. Мақалалардың мазмұны тек қана авторлардың көзқарасын білдіреді, Конрад Аденауэр атындағы Қордың және MediaNet Халықаралық журналистика орталығының көзқарасымен сәйкес келуі міндетті емес.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
«Өзімізді» жақтау мен зұлымдықты жақтаудың ара жігі. Қазақстандағы Қордай оқиғасындағы өшпенділік тілін талдау Серік Бейсембаев, Дәмеш Сатова,	9
Қордай ауданында 2020 жылдың ақпанында болған оқиғалар кезіндегі зорлық-зомбылықты ақтап алудағы үкіметке деген сенімнің рөлі Ксения Кряквина	26
Өшпенділік дискурсын сыни талдау Дина Көшербаева, Жұлдыз Смағұлова	40
«Үңгірдегі ұлтшылдық» дискурсы өшпенділік тілі ретінде: Facebook және Instagram желілеріндегі пікірлерге сыни дискурс анализ Оразай Қыдырбаев	65
Қорытынды	81
Зерттеу аясында жүргізілген мониторинг әдістемесі	89
Мониторингте пайдаланылған кілт сөздердің тізімі	93
Авторлар туралы ақпарат	94

Кіріспе

«Қазақстандағы өшпенділік тілін зерттеу: Резонанс тудырған ұлтаралық қақтығыстардың әлеуметтік желідегі көрінісі. Біқтимал шешімдер» – интернет-коммуникация процесінде өшпенділікке толы лексиканы тарату механизмдерін зерттеу бағытындағы екінші талпыныс.

Біз Қазақстандағы этносаралық қақтығыстар кезінде алға шығатын өшпенділік тілінің құрылымы мен пайда болу себептерін зерттеу қажет деп санаймыз. Жеккөрушілік риторикасына қарсы тұру үшін осындай зерттеулерді көбірек жүргізіп, мемлекеттік және жергілікті билік органдарының, пікір көшбасшыларының, медиа, азаматтық қоғам ұйымдарының және кең аудиторияның қатысуымен ашық пікірталастар өткізу қажет.

Біз бүкіл қоғамға өшпенділік тілі деген не, оның шекарасы қайда, ол неге әкеп соғуы мүмкін, оны неге қолдануға болмайды және қандай жағдайда сотқа тартылу қаупі бар екенін ерте жастан түсіндіру өте маңызды деп ойлаймыз. Бұдан хабарсыз қоғамнан тиісті нормаларды сақтауды талап ету қиын. Мұндай жағдайда жеккөру риторикасы, патриотизм мен басқа да «жақсы ойдан туған» әрекеттердің бетпердесін жамылған кемсітуші сөздер нормаға айналады. Тарихта бұған көптеген мысал бар, қайтымы қиын, салдары ауыр жағдайлар да болған.

Этносаралық қақтығыстар қазақстандық қоғамда жабық тақырып болып саналады. Мемлекет ұлтаралық қақтығыстар кезінде үнсіз қалғанды жөн көреді. Көбінесе қоғамдық салада мұндай ұғымдардың тонын теріс айналдыра салуға ұмтылады, яғни ұлттық негіздегі қақтығыстар тұрмыстық дау немесе бұзақылық деп көрсетіледі. Сөйте тұра, көптеген тұрмыстық қақтығыстың алғышарттары, оқиғалар контексі бары ескерілмейді. Ең өкініштісі, мұндай қақтығыстарда билік пен білім беру жүйесі тарапынан нақты нәтижелер мен түсіндірулер болмай жатады.

Мысалы, биыл қазан айында Алматы облысының Пенжім ауылында болған ұлтаралық қақтығысқа жергілікті билік органдарының реакциясы олардың осындай қақтығыстар кезінде адекват әре-

кет ете алмайтынын көрсетті. Наразы азаматтардың ашуын қазақтардың өзгелерден үстем статусы туралы мәлімдемелермен тыныштандыруға тырысты. Бұл іс жүзінде Конституцияға қайшы ақталу және зорлық-зомбылықты заңдастыру болып шығды. Мұндай коммуникация мен билікке деген сенім деңгейінің төмендігі жеккөрушілік риторикасын ушықтырады және болашақта осындай жанжалдардың қайталануына әкеледі.

Билік пен қоғам Қордай ауданында 2020 жылдың қысында болған қайғылы оқиғадан кейінгі қателікті мойындауы керек. Бұл – елдегі адам шығыны бар этносаралық жанжал және мәселені талқылау мен шешудің қажеттігін нақты көрсеткен алғашқы қақтығыс. Тек осындай жағдайдан ғана сабақ алып, қайталануына жол бермеуге болады.

Зерттеу авторлары этникалық топтардың өкілдеріне қатысты кемсіту мен зорлық-зомбылықты ақтап алатын агрессияның нақты себептерін талдауға тырысты. Дұшпандық тілінің дискурсына сыни талдау жүргізді, сонымен қатар тіл рейдтері мен «үңгір ұлтшылдығы» туралы дискурстарға баға берді.

«Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі өшпенділік тіліне мониторинг» атты алғашқы басылым 2017 жылы жарияланып, таныстырылды. Сол кезде мониторингке 20 пікір көшбасшысының қазақ тіліндегі – 10 және орыс тіліндегі 10 жарияланымы кіріп, 6 ай мерзімді қамтыған еді.

Жаңа басылымда 2020 жылдың қысында болған Қордай ауданындағы этносаралық жанжал және 2021 жылдың жазындағы «тіл рейдтері» сияқты екі резонансты кейске назар аудару туралы шешім қабылданды. Осы оқиғалар кезінде әлеуметтік желілерде ауызша экстремизм мен қатаң өшпенділік тілінің қарқыны үдей түскені байқалды.

Сондай-ақ өшпенділік тіліне мониторинг дереккөздерінің тізімі едәуір кеңейді. Осы зерттеуде қазақ және орыс тілдеріндегі 18 ықпалды пікір көшбасшысының посттары ғана емес, сонымен қатар олардың посттарындағы комментарийлерге де назар аударылып, талданды. Сонымен қатар есепке желі қолданушыларының пікірлері бар танымал 9 Instagram публік посттарының мониторингі, сондай-ақ таңдалған кейстерді екі тілде жария еткен онлайн БАҚ-тың 9 материалы енді. Барлық дерек аталған

оқиғалар кезеңінде әлеуметтік желілер мен БАҚ-ты қолмен мониторингтеу арқылы жиналды.

Бұл зерттеу маңызды, бірақ өте сезімтал тақырыптарды көтереді. Комментаторлардың көп цитатасы сөзбе-сөз келтірілген, өйткені олардың қаупін басқаша түсіндіру мүмкін емес. Зерттеу авторлары, тамаша сарапшылар өте күрделі материалды түсіндіруге және объективті талдау жасауға тырысты.

Біз мұндай проблемаларды елемеуге болмайтынына сенімдіміз. Осы материалды талдай отырып, ұсыныстар мен шешу жолдарын жасай келе, қоғамымыздың жақсаруына ықпал ете аламыз.

Әдебиет саласында Нобель сыйлығының лауреаты атанған Герман Гессе бір кездері: «Мен өзімді патриотпын деп санаймын, бірақ бәрінен бұрын мен – адаммын. Ал біреуі екіншісімен сәйкеспеген кезде, мен әрқашан адамның жағында боламын. ...Мәдениеттің ең төменгі деңгейінің өзінен сіз қарқыны күшті, қатаң ұлттық алауыздықты таба аласыз. Мәдениеттің деңгейі неғұрлым төмен болса, ұлттық жеккөрушілік соғұрлым күшті және қатаң болады», – деген.



Серік Бейсембаев,
Дәмеш Сатова

**«Өзімізді» жақтау мен
зұлымдықты жақтаудың
ара жігі. Қазақстандағы
Қордай оқиғасындағы
өшпенділік тілін талдау**



Кіріспе

Қазақстан қоғамында ұлтаралық қақтығыстар мен оның алдын алу мәселелері жиі көтеріліп тұрады. Ресми дереккөздер әдетте тұрмыстық жанжал немесе қылмыстық топтардың өзара қақтығысы, текетіресі¹ деген баға беріп те жатады. Сарапшылар көбінесе оны әлеуметтік-экономикалық факторлармен, сондай-ақ билік органдарының сыбайлас жемқорлыққа батуы және тиімсіз жұмысымен байланыстырады². Мұнымен қатар кейбір аз ұлт өкілдерінің елдің кейбір өңірлерінде топтаса орналасып, өз ішінде қайнап жатуы да бір себеп ретінде көрсетіледі, яғни осы бұйығы тірлігінің арқасында олар қазақстандық қоғамның әлеуметтік тірлігіне тығыз араласпай, тілдік және мәдени байланыстардан тыс қалатыны бар³.

Осы себептердің барлығы мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан тиісті шаралар қажет екені жөніндегі пікірталастар толқынын тудырады. Дей тұрғанмен осыншама талқылаулар барысында елдегі ұлтаралық қақтығыстардың ең маңызды факторларының бірі назардан тыс қалып жатады. Сөз – ұлтына байланысты кемсітудің идеологиялық негіздері жайлы. Әлеуметтік, экономикалық және саяси көзқарастағы күйіп тұрған ой-пікір алшақтығының ұлтаралық қақтығыстар тудыру қаупі жоғары шығар. Алайда жаппай зорлық-зомбылық көрсетуге адамдардың аз ұлтқа қарсы дұшпандық және зорлық-зомбылық әрекеттерін мойындауы мен тіпті ақтап алуға болатыны туралы сенімі көп себеп болып жатады⁴.

Қордай ауданындағы тәртіпсіздіктер аясында 2020 жылдың ақпан айында елдің онлайн кеңістігінде Қазақстанда тұратын этникалық қауымдастықтардың бірінің өкілдеріне қарсы дұшпандық риторика пайда болды. Бұл риторика бір қарағанда халықтың резонанс тудырған жағдайға байланысты шығарған эмоциясының реакциясы болып көрінуі мүмкін. Алайда анықтап қараған адамға бұл хабарламалардың артынан нақты идеялар, нанымдар мен мифтердің ерекше жиынтығы тұрғанын көруге болады. Ол арқылы жұрт Қазақстандағы этникалық уәждегі зорлық-зомбылықты ақтап алатын болып тұр.

Бұл мақаланың мақсаты – «Қордай оқиғалары» контексіндегі өшпенділік тілін талдау, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктегі зорлық-зомбылықты заңдастыру үшін қолданылатын риторикалық тетіктерді сипаттау.

Зерттеудің эмпирикалық негізі – әлеуметтік желілерде және онлайн басылымдарда өшпенділік тілін тақырып ретінде бақылау нәтижесінде жиналған хабарламалар жиынтығы. Мониторинг үшін Facebook желісіндегі 20 пікір көшбасшысының, Instagram желісіндегі 10 танымал парақшаның, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріндегі 10 БАҚ жазбасынан тұратын дереккөздер іріктемесі жиналды. (Мониторингтің егжей-тегжейлі әдістемесі жоғарыда тиісті тарауда келтірілген).

Мақала авторлары жиналған хабарламаларға қосымша контент талдау жүргізді.

- Біріншіден, Қордай ауданындағы оқиғаларға қатысты хабарламалар іріктеліп, жүйеленді.
- Екіншіден, өшпенділік тілінің құрылымын анықтау және пайдаланушылар зорлық-зомбылықты негіздеу үшін қолданатын риторикалық әдістерді талдау үшін кодтау жүйесі жасалды.
- Үшіншіден, барлық хабарлама кодтау жүйесіне сәйкес кодталды және алынған мәліметтер сандық және құрылымдық-семантикалық талдаудан өтті.

Контент-талдау барысында барлығы 372 хабарлама қаралды. Олардың 343-і – қарапайым қолданушылардың пікірі, 13-і – пікір көшбасшысының жазбасы және 16-сы – интернеттегі мақалалардан алынған дәйексөздер. Тілдік тұрғыда 182 хабарлама – қазақ тілінде, ал 190 хабарлама орыс тілінде болып бөлінді.

Мақала бірнеше бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде өшпенділік тілінің құрылымы жұмсақ нұсқаларынан қатаң көріністеріне дейін қарастырылады. Екінші бөлім комментарий жазғандардың дүнгендерге қатысты зорлық-зомбылықты ақтау үшін қолданып отырған риторикалық әдістерін талдауға арналған. Үшінші бөлімде дұшпандық риторика бар және зорлық-зомбылық рационалдап отырған әр түрлі контекст талданады.

Бұл талдауға қойылатын басты шектеу – басқа платформаларда жазылған әңгімелерді ескерместен, екі әлеуметтік желінің хабарламаларын пайдалану. Тиісінше, оның түйіні осы әлеуметтік желілерді пайдаланушыларға әсер етуі ықтимал. Сонымен қатар кейбір ауытқулар белгілі бір қоғамдық пікір көшбасшылары мен

олардың аудиториясының шектелген жазбаларын іріктеу ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін.

Өшпенділік тілінің құрылымы

Өшпенділік тілінің құрылымын талдау үшін барлық хабарлама үш түрге бөлінді.

- Хабарламалардың бірінші типі – өшпенділіктің сәйкесінше «жеңіл» тілі. Ол арқылы комментаторлар этникалық топ өкілдеріне теріс көзқарасын білдіріп, жиі қорлап, олардың «өз» тобына жатпайтын «бөтен» екенін баса айтады.
- Екіншісі – өшпенділіктің «орташа» типі. Этникалық топты кемсітуге және олардың әлеуметтік, саяси және басқа құқықтарының теңдігінен бас тартуға шақыратын сөздер. Мұндай лексика көбінесе комментаторлардың «өз» тобының артықшылығын баса көрсетуімен бірге жүреді.
- Үшіншісі – өшпенділік тілінің «қатаң» типі. Этникалық топқа қатысты зорлық-зомбылық жасауға шақырып, зорлыққа қолдау көрсету немесе бұрын жасалған әрекеттерін ақтау әрекетіне байланысты.

Талдау нәтижелері бойынша, талданған хабарламалардың 37%-ы өшпенділік тілінің бірінші түріне жатады. Төмендегі диаграммадан көрініп тұрғандай, Facebook-те бұл Instagram-ға қарағанда жиі кездеседі (39 және 30%). Соңдай-ақ осы топқа қазақ тіліне қарағанда орыс тіліндегі хабарламалар жиі түседі (хабарламалардың 40 және 33%-ы).

Бұл топтағы хабарламалар дүнгендерге қатысты көптеген аңыз бен наным-сенімді тудырады. Мысалы, дүнгендердің *«Қытай тыңшысы»* екені туралы шым-шытырық құпияға толы қауесеттер белсенді түрде тарады. Пікір көшбасшыларының бірінің *«Қытай 2012 жылдан бастап Орталық Азиядан келген дүнген жастары үшін арнайы гранттар бөле бастады»* деген хабары осындай болжамдардың таралуына түрткі болды.

Ксенофобияға толы хабарламалардың көп бөлігі – дүнгендер жайлы келімсектер кейпінде жазылған, елдегі «қожайын» саналатын ұлт алдында мәңгі қарыздар болуы керек деген сарындағы пікірлер. «Дүнгендер қазақтарды, олардың мәдениетін құрметтемейді, сондай-ақ мемлекеттік тілді білмейді» деген айыптаулар да жиі айтылатын. Кейбір комментаторлар этникалық топтың моральдық, тәрбиелік және басқа да кемшіліктерін санамалап өтті.

Екінші, «кемсіту» тілі типіне 35% хабарлама кіреді. Бірінші типке қарағанда, кемсітушілікке қолдау көрсету немесе шақыру Facebook-ке қарағанда Instagram хабарламаларына көбірек тән (40 және 31%).

Комментаторлар арасындағы ең танымал үндеу – дүнгендердің Қазақстаннан күштеп жер аударылуы немесе басқа өңірлерге қоныстануы. Мұндай хабарламалардың түбінде бұл қауымның шекара маңындағы өңірде тым көп шоғырланып тұруындағы қауіп-қатер туралы түсініктер жатыр. Бір айта кетерлігі, мұндай фобияны кейбір пікір көшбасшыларының өзі отқа май құйып қоздырды. Атап айтқанда, Мәжіліс депутаты және үкіметтік комиссия мүшесі Бақытбек Смағұлдың тезистері кеңінен тарады. Ол дүнгендердің тым шоғырланып тұруын Нью-Йорктегі Қытай кварталдарымен салыстырып, ел аумағында «жабық» анклавтардың пайда болуына жол бермеуге шақырды⁵.

Сондай-ақ қатардағы комментаторлар дүнгендерді орыстілді мектепте оқытпай, қазақ тілін мәжбүрлеп оқытуды енгізуге де шақырды.


Хабарламалардың үшінші тобы өшпенділік тіліне қатысты пікірлердің жалпы санының 20%-ына тең. Facebook-ке қарағанда Instagram-да «қатаң» өшпенділік тілі жиі кездесетініне назар аударылды (25 және 15%). Тілдік тұрғыда хабарламалардың бұл түрі қазақ және орыс сегменттерінде бірдей ұсынылған.

Осы топтағы көптеген хабарламаның лейтмотиві – жәбірленушілерді болған жағдайға кінәлі ету арқылы зорлық-зомбылықты ақтауға тырысады («өздері кінәлі», «енді олар өз орнын білетін болады»). Сондай-ақ зорлық-зомбылық – таяқ жеген ақсақал үшін кек алу актісі деген мағынадағы сюжет те кең тарады. Басты назар аударарлығы – қиратуға қатысқандарды батыр етіп

көрсету белең алған («Ұлтты қорлаған дүнгендерді өлтірген жігіттер – нағыз батыр»).

1-диаграмма. Дүнген қауымына қарсы өшпенділік тілінің құрылымы

- Теріс көзқарас білдіру, қорлау, «бөтен» деп бөлу
- Кемсітуге шақыру немесе қолдау көрсету, қошбасшы топтан төмен екенін айту
- Зорлық-зомбылық жасауға шақыру және әрекеттерін ақтау
- Басқа



Кейбір хабарламалар (8%) дұшпандық тілдің үш түрінің ешқайсысына енбеді. Негізінен, бұл мемлекеттік институттар мен билік өкілдеріне бағытталған дұшпандық лексикаға қатысты. Мұнда комментаторлар болған оқиғаға жергілікті билікті немесе полицияны кінәлайды, болмаса оқиғаның әділ талқыға түсетініне сенімсіздік білдіреді.

Зорлық-зомбылықты заңдастырудың риторикалық әдістері

Жаппай зорлық-зомбылық пен геноцидті зерттеушілер түрлі елдердегі дұшпандық риторика бірдей сөйлеу заңдылықтарымен және әдістерімен сипатталатынын атап өтті. Джонатан Лидер Мейнард оларды «ақтау механизмі» немесе адамдар тобына қарсы зорлық-зомбылықты ақтау үшін қолданылатын сөз деп атайды⁶. Осы теорияны дамыта отырып, Сьюзан Бенеш пен Кэтрин Брюгер «қауіпті сөйлеу» практикалық нұсқаулығында қауіпті/өшпенділік риториканың 5 негізгі элементін айқындайды:

қауіпті/өшпенділік риториканың 5 негізгі элементі:

1. Адамгершіліктен аттау (Dehumanization);
2. Біржақты айыптау (Accusation in a mirror);
3. Өз тобы мүшелерінің адалдығына күмән келтіру (Questioning in-group loyalty);
4. Топтың тұтастығы мен тазалығына қауіп төндіру (Threat to Group Integrity or Purity);
5. Әйелдер мен балаларға қиянат туралы мәлімдемелер (Assertion of Attack Against Women and Girls)⁷

Осы аналитикалық шеңберді қолдана отырып, дүнген қоғамдас-тығына қатысты зорлық-зомбылықты негіздеу үшін қоғамдық дискурста болған риторикалық әдістердің құрылымы мен мазмұ-нын сипаттауға болады:

Дегуманизация/адамгершіліктен аттау

Бұл риторикалық әдіс адамдар тобын адами қасиеттерінен айыруға бағытталған. Ол топтарды жануарлар, табиғи апаттар, ерекше жаратылыс иелері, ауру-кеселдермен салыстырып қана қоймай, олардың топқа қарсы қатыгез әрекеттерін де ақтап алатын қасиеттер береді⁸.

Мысалы, Қордай оқиғасы кезінде дүнген қауымдас-тығы өкілдерін әлеуметтік желілерде ел жаппай хайуанға теңеп жатты. Қасқыр-мен және итпен салыстыру екі жануардың әйгілі әдеби бейнесі-не негізделген, олар тексіз және қайта тәрбиелеуге келмейді. Ас берген қолды ойланбай қауып ала алады. Желі қолданушылары дүнгендерді «қонақжай қазақ халқы білместікпен паналатқан босқындар тобынан» *«жергілікті халыққа құрметсіздік көрсет-етін және қазақ мәдениетін қабылдамайтын»* ішкі жауға айнал-дырып, метафоралық түрлендіруге кірісті.

Тіпті кейбірі дүнгендерді «аюға намаз үйреткен таяқ» деген зорлық-зомбылық әдістері арқылы тәрбиелеуге де шақырған. Дүнгендердің «аузына не түссе соны асай салатын» әдеті бар деп «шошқа» образы да таңылды. Бұл образ көбінесе дүнгендердің тамақтану машығы қытай ас мәзірімен ұстастығына байланысты да туындаған. «Жыбырлаған жәндіктің бәрін жей беретін» дүнгендерді коронавирус алғаш шыққан Ухань қаласына қарай ит қосып қуып тастау да ұсынылады.

Хабарламаларды талдау барасында дүнгендер мен қазіргі Қытай арасындағы тарихи байланыстар тақырыбы бұқаралық санада осы қауымдастықты жалмауыз етіп көрсетуде маңызды рөл атқарғанын аңғарамыз. Қытайлықтарға қатысты қалыптасқан теріс стереотиптер дүнген этникалық тобының өкілдеріне де қатысты болды. Атап айтқанда, дүнгендердің ас ішу мәдениеті – дүнгендер мен қытайлардың мәдени ұқсастығының белгісі болып саналды. Әрі тілдің ұқсастығы, дүнгендердің бір жерден екінші жерге көшіп жүру (chinatowns-қа сілтеме) тенденциясы арқылы расталады. Сондай-ақ желіде базарларда жұмыс істейтін дүнгендердің түсініксіз тілде қалай сөйлейтіні және өздерін орынсыз ұстайтыны туралы әңгімелер пайда болды, сөйтіп, олардың қазақтардан «бөтендігін» растады.

Біржақты айыптау

Бенеш пен Брюгердің пікірінше, бұл риторикалық әдіс белгілі бір топтың «өз тобына» әкелуі мүмкін болашақ қауіп-қатері туралы бопсада айқын көрінеді. Осылайша, өзінің зорлық-зомбылық жасауын ақтап ала алатын жау бейнесі жасалады⁹.

Дүнгендердің Қытаймен байланысы туралы пікір көшбасшыларының жазбалары әсерінен (олар балаларын сол жерде оқытады, қытай тілінде сөйлейді) осы қауымдастықтың өкілдері «ішкі жау» бейнесінде қалыптасты. Негізінен, бұл хабарламалар артында дүнгендердің өз автономиясын құрып, сол арқылы Қазақстан аумағының тұтастығына қауіп төндіріп, Қазақстанға опасыздық жасауға немесе Қазақстанды Қытайдың басқаруына беруге деген жасырын ниеті бар деген қорқыныштар жатты. Дүнгендер «жер сенікі – билік біздікі» деп бір видеода ашық айтады деген пікірлер бар.

Бұл топтың қауіптілігін сипаттайтын, кең тараған тағы бір образ – олардың қылмысқа бір бүйрегі бұрып тұратыны-мыс. Желі

қолданушылары оқиға орнынан түсірілген дүнгендердің бірінші болып атыс бастаған видеосын таратып, олардың «түсі суық» «қылмыскерге ұқсайтын» бейнелеріне белсенді түрде сілтеме жасайды. Сөйтіп, олар «кезінде қырғыздар дүнгендерді өз жерінен қазақтарға қарай бекер қумаған екен» деген байламға келеді. Аргументтер дүнгендер мен билік өкілдері арасындағы қылмыстық алаяқтықтан да тамыр алады. Желі қолданушылары қазақтарды «көршілерден үлгі алуға» және «дүнгендер қылмысқа ашық кіріскенге дейін» Қазақстаннан қуып шығаруға шақырады.

Дүнгендердің топтық қылмыстық бейнесі олардың полиция қызметкерлерін ұрып-соққаны арқылы қалыптасып, олардың бұдан да зорын істей алатыны туралы риторикалық байламды туындатады. Ішінара дәлел ретінде дүнгендердің қылмыстық айла-амалдары туралы білетін, тіпті, қатысы да бар немесе олардың заңсыз әрекеттеріне көз жұма қарайтын жергілікті билік пен уәкілетті органдардың «парақорлығы» туралы болжамдарды келтіреді. Осылайша, билікке сенімсіздік жергілікті халықтың дүнгендерге қарсы стихиялық әрекеттеріне қосымша аргумент болады.

Топтың тұтастығы мен тазалығына қауіп төндіру

Осыған ұқсас тағы бір техника – қарсыластардың «өз» тобының тұтастығы мен тазалығына қауіп төндіреді деген айыптары. Бұл идеяның негізі – көбінесе қарсыластар жойылса немесе елден қуылса, өз тобының белгілі бір артықшылықтарға қол жеткізетіні жайлы утопиялық идея. Мысалы, нацистік Германия кезінде бұл идея – арийлердің тазалығын сақтау болды. Ал 2011 жылдың шілдесінде 77 адамды өлтірген норвегиялық атқыш Андерс Брейвик өзінің әрекетін «еуропалық өркениетті» мультикультурализм мен исламның зиянды әсерінен қорғағысы келетінімен түсіндірген еді.

Қордай оқиғасы жағдайында желі қолданушылары ұлт тазалығы идеясын ашық насихаттамады, алайда көптеген өшпенді пікір мемлекет құраушы ұлттың «диаспоралар» мен барлық «бөтен» халықтардан артықшылығы туралы дискурстан туындады. Олар дүнгендердің қоныс аударуының тарихи фактісін олардың қазақ жеріне қонақ екенімен байланыстырып, соған белсенді түрде сілтеме жасайды. Шамамен 150 жыл бойы олармен бірге тұрып келе жатқанын елемейді.

Мұндай риторика көбінесе елдің кейбір аудандарында этникалық аз ұлттардың көп шоғырлануынан қауіптенуден туындайды. Бұл әңгімелер дүнгендерді күштеп көшіру, сондай-ақ көпұлтты болу үшін жағдай жасап отырған мемлекет саясатын қайта қарау деген бастамаларға түрткі болады.

Өз тобы мүшелерінің адалдығына күмән келтіру

Зерттеушілер дұшпандық риторика көбінесе «өз» тобының мүшелеріне қарсы бағытталатынын байқады. Хейтерлердің ойынша, олар дұшпан саналатын объектімен қарсыласу идеясына адал емес немесе тіпті «жаулар» жағында.

Қордай оқиғасын талқылаған кезде, дүнгендерді жақтап сөйлеген қазақтар жиі шабуылға ұшырады. Оларға жалған моралистер деген айып тағылып, кемсітіп, фейк жаңалық таратқыштар деп атап жатты. Дүнгендерді қорғап орыс тілінде пост жазған желі қолданушылары ғана емес, жалпы орыстілді қазақтар да шабуыл өтінде қалды. Көбінесе мұндай топ өкілдерін «мәңгүрт», «өз қазағынан жерігендер», тіл үйренуге өресі жетпеген «нақұрыстар» деп қорлайды.

Сондай-ақ өшпенділік тілі «титул» топтың басқа өкілдеріне де қарсы бағытталған. Олардың пікірінше, бұл қақтығысқа жол берген – шенеуніктер мен құқық қорғау органдары және жаңалықтарды дұрыс жарияламайтын БАҚ өкілдері.

Осылайша, әлеуметтік желілердегі Қордай оқиғаларын талқылау мысалында мұндай риторика бейбітшілікке шақыратындар мен зорлық-зомбылықтың кез келген түрін айыптайтындардың дауысынан асып түседі.

Әйелдер мен балаларға қиянат туралы мәлімдемелер

Бұл риторикалық техниканың мәні – дұшпандық топты әйелдер мен балаларға қарсы қылмыс жасады деп айыптау. Зерттеушілер атап өткендей, мұндай риторика көбінесе жаппай зорлық-зомбылық жағдайларын күнілгері біліп, болжайды. Бұл – болуы мүмкін қауіптің қоғамның ең осал топтарына қарсы жұмылатын күшіне байланысты.

Хабарламаларды талдау көрсеткендей, Қордайдағы жағдай кезінде бұл риторика біз зерттеген контентте бұрынғыларына қарағанда жиі кездескен жоқ. Дегенмен мұндай хабарламалардың эмоциялық күші тым жоғары екені де байқалды. Мысалы, «дүнгендер бір жас қызды зорлапты» деген жаңалық желі қолданушылары арасында тез тарап, түрленіп, желдей есті. Комментаторлар дүнгендер «екі кішкентай қызды қорлаған», «11-сыныптағы қызды зорлап, денесін өртеп жіберді», «қазақ баласын жабылып ұрып-соққан» деп жазды.

Бұл қатарға қақтығыста зардап шеккен қария туралы хабарламалар да кіреді, олар қоғамдық санада осал топ ретінде қалыптасқан, яғни кез келген жағдайда қорғауды қажет етеді. Оған дәлел – келтірілген зиянның көлемін асыра айту, «олар 80 жастағы ақсақалдың бар сүйегін сындырған», «80 жастағы қарттың жамбасын сындырды, бұл – асқан жауыздық» деген жазбалар. Жалпы алғанда, риторика ұлт рәміздерін сыйламайтын, «домбыраны сындыратын, жалауды өртейтін, адамдарды ұратын...» жаулардың шабуылынан қорғауға шақырады.

Контенттен контекске қарай

Өшпенділік тілінің жұртты жұмылдыру әлеуетін талдау кезінде оның мазмұнын ғана емес, контексін де ескеру қажет. Дұшпандық риторика таралатын әлеуметтік, саяси және тарихи жағдайлар оның адамдардың күнделікті және саяси мінез-құлқына әсерін алдын ала анықтай алады¹⁰.

Зерттеу барысында хабарламалардың контекстік мағынасын анықтау үшін өшпенділік тілінің мазмұнында пайда болған түрлі тақырыптар жазылды. Бұл тақырыптар Қазақстан қоғамындағы проблемалардың кең ауқымын қамтиды және саны аз этностарға қатысты дұшпандық риторика әдеттегідей туындайтын түрлі контексті ашады.

Санадағы тарихи жарақаттар

Тарихқа сілтеме Қордай ауданындағы оқиғалар жағдайында өшпенділік тілінің өте маңызды элементі болып саналады. Негізгі сюжеттік желісі әртүрлі тарихи кезеңде қазіргі Қазақстан аумағы-

на талай халықтың қоныс аударуы тақырыбына келіп тіреледі. Ең бастысы, КСРО-ның «кеңес адамын» құруға және қазақ болмысын құлдыратуға бағытталған ұлттық саясаты туралы айтылады.

Бұл логика бойынша патшалық Ресей кезіндегі дүнгендер мен ұйғырлардың қазақ жеріне қоныс аударуы, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кавказдық және басқа халықтардың жер аударылуы, сондай-ақ тың игеру үшін славян ұлттарының келе бастауы ұлттың жойылып кету қаупін тудырған жағымсыз оқиғалар ретінде қарастырылады. Мұндай дүниетаным осы аумақтағы бөтен ұлттарды «қонақ» ретінде танып, ұдайы шетелдіктер ретінде қабылдауға негіз болады. Тиісінше, олардың «қазақтарға, қазақ тіліне және қазақ жеріне құрмет көрсетпеуге құқы жоқ». Өшпенділік тілінің авторлары үшін «ұлттар лабораториясы», «сотталғандар қоныс аударатын жер», «келімсек» сияқты ұғымдар триггер болып келеді.

Осыған байланысты тағы бір тарихи нарратив – Қазақстан аумағындағы қазақтардың абсолют құқығына деген сенім, ол қандай да бір басқа этностарға (диаспораларға) қатысты емес. Мұндай хабарламалар қазақ жерін «білектің күші, найзаның ұшымен» қорғаған ата-бабалар туралы мифпен күшейтіледі. «Қасиетті жер» мен батырлар жыры арасындағы байланыс Қордайдағы ауылды қиратқандарды «жерді жаудан қорғауға» шыққан батырлармен салыстыруға негіз болды. Тіпті олардың әрекеттері «дүнгендерге қарсыласа алмаған билік органдарының өзін қорғау» қажеттілігінен деп те тәпсірленді.

Ұлттың тұтастығы және идеологиясы

Ұлт ретінде қалыптасудағы қазіргі саясатқа деген сыни көзқарас өшпенділік тілі үшін келесі маңызды контекст болып шығады. Бұл саясат «қазаққа қарсы саясат» деп түсіндіріледі. Өйткені ол Кеңес Одағында қалыптасқан бағытты жалғастырады. Онлайн басылымдардың біріндегі қазақ тіліндегі жазбадан алынған мынадай дәйексөзді осыған тән нарратив деуге болады. Атап айтқанда: *«Көпұлттылық туралы осы сандырақ сол кезден бері сақталып келді, ол осы жердің иесі кім екенін ұмыттыру үшін ойлап табылған. Бұл – қазақтарды көп диаспораның біріне айналдырудың идеологиялық әдісі».*

Елдегі толерант саясат құлдық сананың белгісі ретінде қабылданады. Ал ол мемлекет құраушы ұлтқа негізсіз қатал көзқарас

тудырады. Мемлекет қонақжайлықты «шектен тыс» толерант саясатқа айналдырды және қазақтардың жағдайын жақсартпайды деген айыптау бар. Ұлтаралық араздық тудырғаны үшін ҚР Қылмыстық кодексі бойынша жауапқа тарту туралы тақырып талай рет көтерілген.

Биліктің толеранттық тұжырымдамасын дұрыс жүзеге асырмағанын айыптаушылар қазақ ұлтына басқадан артық мәртебе беру үшін ұлттық саясатты реформалау керек деген талаптарды қатар қояды. Қазақстан халқы Ассамблеясын тарату, көпұлтты саясаттан бас тарту және орыс тілінде білім беретін мектептерді жабу – ең жиі көтерілетін үндеулер.

Бұл ретте қазақ мемлекеті туралы саясаткерлер ұмтылуға тиіс утопия бар. Оның басты ерекшелігі – қазақтарға өмірдің барлық саласында артықшылық беру. Нарративтің маңызды бөлігі – «нағыз» ұлттық мемлекет құра алған басқа елдердің тәжірибесі туралы мынадай аңыздар: *«Әлемнің барлық өркениетті және дамыған елдері ұлттық мемлекет құруға ұмтылуда. Олардың ешқайсысы да елдің, жердің иесі кім екенін естен шығармайды. Өзін елдегі бір диаспора өкілі секілді ұстамайды. Біздің басты проблемамыз – қазақтарды мемлекет құраушы ұлт ретінде қабылдамау, өзімізді-өзіміз кемсітіп отырмыз...»*

Ең көп тараған сілтемелер қатарында Ресей, Шешенстан немесе Өзбекстан секілді басқа елдерде аз ұлттарға қатысты белгілі бір тәртіп бар екені, олар «бетегеден биік, жусаннан аласа» болып жүретіні айтылады. Оған желі қолданушысы жазған мына бір комментарий дәлел: *«Егер қандай да бір диаспора өкілі Ресейде осылай тайраңдайтын болса, полицияға шабуыл жасаса, олар ертеңінде-ақ елден кетуші еді».*

Билік институттарына деген сенімнің жоқтығы

Билікке сенімсіздік этносаралық қақтығыстардың себептері мен салдары туралы пікірталастарда қызыл жалау сияқты желбіреді. Жанжал этникалық аз ұлттардың пайдасына әділетсіз шешім қабылдаған полицияның, судьялардың сыбайлас жемқорлығына байланысты болды деген пікір бар. Желі қолданушылары сондай-ақ билік пен жергілікті атқарушы органдарды дүнгендер жаққа шықпауға, оқиғаға қатысы бар қазақтарды сотпен қудаламауға шақырады.

Бұл тұрғыда тәртіпсіздікке қатысушылардың кек алуы мәжбүрлі және ақтап алуға болатын қадам ретінде көрсетіледі. Пікір білдірушілердің бірі: «Егер құқық қорғау органдары өз функцияларын орындамаса, онда адамдар әділетті өздері орнатады», – дейді. *«Бәріне құқық қорғау органдары мен сот жүйесі кінәлі!!! Мен бір жылдан бері тергеу комитетіне паспортына қазақ деп жазып алған шешен қызы туралы жаздым. Жауап жоқ! Қазір ақсақалдардың шешімін күтіп отырмын. Баруға тиіс жердің бәріне бардым. Өзімді сабырға шақырып отырмын! Бірақ жақында мен де кек алуға кірісем. Менің де құқым тапталуда».*

Бұрынғы этносаралық қақтығыстар туралы естеліктер

Қордай оқиғаларын санаға сіңірудегі анықтайтын тағы бір контекст – бұған дейінгі этносаралық негіздегі қақтығыстар. Комментаторлардың өшпенділікке толы сөзіне қарасақ, бұл оқиғалар аз ұлттардың қазақтарға «құрметі жоқтығының» дәлелі ретінде айқын көрінеді. Ал құқық қорғау органдарының тәртіпсіздіктерге қатысушыларға қатысты әрекеттері «тағы да қазақтарды кінәлі етіп шығарады» деген түсінік төңірегінде.

Бір қызығы, дүнгендер қауымдастығының өкілдерінің кешірім сұрауы, яғни осындай оқиғалардан кейін болатын әдеттегі дәстүр – дұшпандық нарративті жеңілдету тұрғысынан нәтижесіз болып келеді. Сонымен қатар кейбір жағдайларда кешірім сұрау – зардап шеккен тараптың кінәсін растау ретінде қабылданады.

Алдыңғы қақтығыстарға қатысушылар бет-бейнесін жағымды етіп көрсету қауіпті үрдіс болып саналады. Олардың әрекеттерін ерлік ретінде көрсету және қылмыс жасау фактісін елемеу басқаларды осындай жағдайда заңсыз әрекеттер жасауға итермелеуі мүмкін.

Қорытынды

Зерттеу елдегі диаспораларға қатысты зорлық-зомбылықты ақтап алуға негіз болатын жаппай нанымдарды сипаттауға және талдауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, пікір көшбасшылары мен әлеуметтік желілердегі қарапайым азаматтардың 370-тен астам жазбасын талдау негізінде өшпенділік тілінің құрылымы жасалды. Өшпенділік тілінде айыптау, кемсіту және зорлық-зомбылыққа шақыратын сөздер бар екені белгілі болды.

Екіншіден, Сьюзан Бенеш пен Кэтрин Бургер ұсынған аналитикалық шеңберге сүйене отырып, әлеуметтік медиа қолданушылары зорлық-зомбылықты ақтап алу үшін қолданған негізгі риторикалық әдістер сипатталды. Адамгершілікке жатпайтын немесе диаспораларды адами қасиеттерден айыру әдісі, сондай-ақ «негізсіз айыптау», яғни «өз» тобына қауіп төндіретін әрекеттерге жатқызу жиі кездеседі. «Өз тобының» өкілдерін сатқын деп айыптап сөйлеу әдісі де көп таралған.

Бұл техникалар шабуыл жасайтын топты моральдық нормалардан алшақтатады, оларды қауіпті жау ретінде бейнелейді, сондай-ақ ұлтына қарап қысым жасаушыларға қарсы үн қосатындардың аузын жабуға тырысады. Осылайша, өзін қақтығысушы тараптардың бірі ретінде көретіндер үшін жасалған немесе жасалмақ болған зорлық-зомбылық ұтымды және тіпті мәжбүрлі әрекетке айналды.

Үшіншіден, аз ұлттарға қарсы риторика әлеуметтік, саяси және тарихи контексте терең енгені анық. Талдау көрсеткендей, Кеңес Одағының «анти-қазақ ұлттық саясаты» туралы әңгіме реваншистік көзқарастар үшін маңызды негіз болып шығады.

Ойлаудың осы парадигмасында қазақтарға елден ерек мәртебе беру – әділдік орнату және «өз» мемлекетімізді орнатуға деген тарихи мүмкіндікті пайдалану. Билік тарапынан азаматтық ұлт құру мен мультимәдениетті насихаттау осы идеяны жүзеге асыруға кедергі ретінде қабылданып, қабылданбайтыны айқын.

Билік институттарына сенімсіздік және олардың тиімсіздігіне деген сенім адамдардың неге кек алуға жүгінетінін немесе қит етсе қаруға жармасатынын түсіндіретін келесі контекст жасайды. Қазақ тарапы зорлық-зомбылыққа барған бұрынғы қақтығыстар туралы естелік биліктің дәрменсіздігінің тағы бір көрсеткіші саналады. Тиісінше, тәртіпсіздіктерге қатысушыларды батырға балау, ұлт ретінде жұмыла кетуді қақтығыс мәселесін шешудің ең тиімді әдісі ретінде идеал етуге мүмкіндік ашылады.

Түрлі елдердегі зерттеушілер интернет кеңістіктегі дұшпандық риторика мен адамдардың белгілі бір топтарына деген жеккөрушілік негізінде жасалған зорлық-зомбылық арасында байланыс бар екенін атап өтті¹¹. Мұндай байланыс себептерінің бірі – осы топтармен үндес пікірлер мен әрекеттерді қолдайтын ақпараттық ортаның қалыптасуы. Қордай оқиғалары кезінде этникалық ерекшелігіне қарай зорлық-зомбылық фактілері сәтті рационализацияланды. Бұл зорлық-зомбылықтың жаңа, үлкен формасын тудыру қаупін ұлғайтатыны анық.

Ұсыныстар

Осы нәтижелерге сүйене отырып, қоғамдық кеңістікте кездесетін ұлтына байланысты өшпенділік риториканы үнемі зерттеп отыруды ұсынуға болады. Бұл риториканы жүйелі түрде қадағалап отыру мен талдау ғылыми және аналитикалық мақалаларға негіз болып, ал нәтижелер азаматтар мен сарапшылар қоғамдастығы арасында талқылауға қолжетімді болуға тиіс. Бұл пікірталастарға ұлтына қарап өшпенділік идеологиясын тарататын пікір көшбасшыларын тарту өте маңызды.

Білім беру институттарында қалыптасқан әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді және мифтік білімді зерттеу және қайта қарау өте маңызды, олар этникалық негізде «өзім» және «бөтен» болып бөлінуге негіз болады.

Сондай-ақ азаматтық қоғамға инклюзив, плюрализмнің құндылығын арттыратын және адамдарды этникалық және нәсілдік белгілері бойынша қабылдау атмосферасын қалыптастыратын балалар мен жастарға арналған жобалар жасау ұсынылады.

Жалпы алғанда, этностық жанжалдардың алдын алу саясатын нарративтермен жұмыс істеуге, оларды деконструкциялауға және Қазақстандағы азаматтық бірегейлікті нығайтудың балама пайымын жасауға қайта бағдарлау пайдалы болар еді. Бұл саясаттың жемісті болуы мемлекет институттарының жеккөрушілік пен өшпенділік негізінде жаңа жанжалдарды болдырмауға мүдделі стейкхолдерлерді барынша көбірек тарту қабілетіне байланысты.

Әдебиет тізімі:

- ¹ <https://informburo.kz/novosti/kasym-zhomart-tokaev-vstretil-sya-s-zhitelyami-kordayskogo-rayona-102824.html>
- ² <https://cabar.asia/ru/v-kazahstane-namereny-reformirovat-gospolitu-v-sfere-mezhnatsionalnyh-otnoshenij>
- ³ <https://kazpravda.kz/news/obshchestvo/mezhetnicheskie-otnosheniya-ne-terpyat-shablonov--tuimebaev-o-sobitiyah-v-kordaiskom-raione>
- ⁴ Jonathan Leader Maynard (2014) Rethinking the Role of Ideology in Mass Atrocities, Terrorism and Political Violence, 26:5, 821-841, DOI: 10.1080/09546553.2013.796934
- ⁵ <https://sputnik.kz/incidents/20200211/12812792/Baqytbek-Smaguldungen.html>
- ⁶ Jonathan Leader Maynard (2014) Rethinking the Role of Ideology in Mass Atrocities, Terrorism and Political Violence, 26:5, 821-841, DOI: 10.1080/09546553.2013.796934
- ⁷ Benesch, Susan & Glavinic, Tonei & Manion, Sean & Buerger, Catherine. (2018). *Dangerous Speech: A Practical Guide*.
- ⁸ Сонда.
- ⁹ Сонда.
- ¹⁰ Benesch, Susan & Glavinic, Tonei & Manion, Sean & Buerger, Catherine. (2018). *Dangerous Speech: A Practical Guide*.
- ¹¹ Matthew L Williams, Pete Burnap, Amir Javed, Han Liu, Sefa Ozalp, Hate in the Machine: Anti-Black and Anti-Muslim Social Media Posts as Predictors of Offline Racially and Religiously Aggravated Crime, *The British Journal of Criminology*, Volume 60, Issue 1, January 2020, Pages 93–117, <https://doi.org/10.1093/bjc/azz049>



Ксения Кряквина

**Қордай ауданында
2020 жылдың ақпанында
болған оқиғалар кезіндегі
зорлық-зомбылықты ақтап
алудағы үкіметке деген
сенімнің рөлі**

Кіріспе

Мемлекеттегі әртүрлі топ өкілдері арасында диалог құру үшін институттар қалыптастыру – демократиялық мемлекеттің ажырамас бөлігі. Мемлекеттің диалогқа тиімді институттар құра алмауы оның ішкі қауіпсіздігін әлсіретеді және азаматтардың көз алдында өзінің легитимдігіне нұқсан келтіру арқылы тұрақсыз әлеуметтік-саяси орта қалыптастырады (Brinkerhoff & Johnson, 2009). Этникалық қақтығыстар – дүрдараз тараптар арасында диалог құру мүмкіндігі болмауының айқын мысалы (Kimotho & Nyaga, 2016).

Үкіметке деген сенімсіздік қалыптасып, халық арасында ұзақ уақыт тұрақсыздықтың сақталуы әлеуметтік-саяси режимнің әлсірегенін білдіруі мүмкін (Miller, 1974). Үкіметке деген наразылықтың мұндай кезеңдері терең қақтығыстар салдарынан болуы ықтимал, яғни қоғамның белгілі бір топтары «саяси режим тиісті әлеуметтік-саяси өзгерістер жасай алмады, мемлекет біздің пайдамызға қарай жұмыс істемейтіндіктен сенуге болмайды» деп санайды (Miller, 1974).

Өшпенділік тілі – ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықтың сенімін қалыптастыру процесінде мемлекет қызметі бұзылғанының айқын көрінісінің бірі. Өйткені ол мемлекеттегі белгілі бір топтарды кемсітуге және шеттетуге бағытталған. Азаматтардың өшпенділік тілін белсенді қолдануы олардың сенім деңгейінің төмендігін көрсететін мемлекет саясаты әлсіздігінің көрсеткіші бола алады, өйткені қоғамдағы әртүрлі топтардың мүдделерін қорғауға тиісті институттар өз функцияларын орындамайды. Сонымен қатар мультимәдени диалог қамтамасыз етуде қоғам алдында мемлекеттің легитимдігін жоғалтуының өзі әр түрлі топтар арасында дұшпандық тудыру факторы бола алады.

Бұл мәлімдеме Үкіметтің мультимәдени диалогқа арналған шараларды қамтамасыз етуі мәселелері бойынша халықтың кері байланыс контентіне (комментарий арқылы) талдау жасайды. Атап айтқанда, бұл Қордайдағы соңғы оқиғалар аясында өзекті, өйткені ол жердегідей іс-әрекеттер дұшпандықияң артып, қақтығыстардың одан әрі ушығуына әкелуі мүмкін.

Бұл жұмыста MediaNet Халықаралық журналистика орталығының ұйымдастыруымен Instagram әлеуметтік желісіндегі посттар мен

комментарийлерге мониторинг жасаудан туындаған контент-талдау ұсынылады.

Зерттеу сипаттамасы

2020 жылдың көктемінде болған Қордайдағы қақтығыс тақырыбына жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша, Instagram әлеуметтік желісіндегі танымал пабликтерден орыс тілінде – 39 пост және қазақ тілінде 3 пост іріктелді. Мониторинг үшін ең танымал, оқырманы көп пабликтер таңдалды. Нақты посттар тақырып пен комментарий саны бойынша іріктелді.

Посттарды іріктеу мерзімі 2020 жылдың ақпанынан наурызына дейінгі кезеңді қамтиды. Пікірлерді іріктеу келесі критерийлер бойынша жүзеге асты: ең көп лайк жинаған, сондай-ақ дұшпандық лебі бар пікірлер таңдалды. Талдау барысында Үкіметтің іс-әрекеттері, атап айтқанда, жоғары лауазымды шенеуніктердің Қордайда болып жатқан оқиғаларға реакциясы туралы айтылған посттарға ерекше назар аударылды, өйткені комментаторлардың реакциясы биліктің легитимдігі мен дұшпандық әрекеттер образының өзара әрекеттесуін анықтауда маңызды.

Өшпенділік тілі мен мемлекет легитимдігі

Мемлекеттің басты міндеттері үш негізгі функциядан тұрады. Олар: қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекет ресурстарына тиімді және сапалы қол жеткізуді қамтамасыз ету, саяси белсенділікті басқару және есеп беріп отыруды қамтамасыз ету. Бұл функцияларды орындау азаматтар мен мемлекет арасындағы әлеуметтік келісімшартты сақтау, халықтың көз алдында Үкіметтің легитимдігін қамтамасыз ету үшін қажет (Brinkerhoff & Johnson, 2009).

Үкіметі әлеуметтік келісімшартты орындай алмайтын мемлекеттерде ұлысты ұйыстыру барысында проблемалар жиі туындайды. Атап айтқанда, қоғамның этникалық, діни немесе таптық жағынан жігі ажырау қаупі жоғарылайды. Себебі, тұрғындардың көз алдында үкіметтің заңдық күші төмендеп

кетеді де, нәтижесінде халықтың сенімі мен қолдауына ие бола алмай қалады (Miller, 1974; Brinkerhoff & Johnson, 2009).

Сөз бостандығы – демократиялық қоғамның маңызды құрамдас бөлігі. Өйткені ол үкіметтің демократиялық құндылықтар орнату, соның ішінде жеке тұлғалардың пікір білдіру құқын қорғау арқылы белгілі бір әлеуметтік келісімшартты орындауға көмектеседі (Weinstein, 2017). Алайда қоғамдағы белгілі бір топтарды кемсіту мен маргиналдауға бағытталған өшпенділік тілі сияқты радикал формалы еркіндік мемлекетті халықты дискриминациядан қорғауға тиіс заңдарды орындай алмайтын әлсіз етіп көрсетіп, заң күшінен айыра алады (Asogwa & Eziebe, 2020).

Демек, азаматтардың қоғамның әр түрлі топтарының өкілдеріне қарсы үнемі өшпенділік ниетте болуы әлеуметтік келісімшартты жүзеге асыру процесінде биліктің «әлсіздігі» ретінде қарастырылуы да мүмкін. Сонымен қатар мультимәдени диалог құру арқылы топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінде қоғам алдында мемлекеттің легитимдігінің жоғалуының өзі дұшпандықты арттыратын факторға айналуы ықтимал. Нәтижесінде, биліктің қорғаныс пен әділеттілікті қамтамасыз ету қабілетіне деген сенімсіздіктің салдарынан қақтығыс одан әрі ушыға береді. Әсіресе, әлсіз билікке мүлдем сенбегендіктен және «қайтадан тәртіп орнатсақ» деген оймен өзін ақтай отырып, дұшпандық ниет пен зорлық-зомбылық әрекеттері одан әрі өршіп кетуі ғажап емес.

Жинақталған материалдардан байқағанымыз, 2020 жылдың ақпанында болған Қордай оқиғасы тура осындай жағдайға ұласқанын көрсетеді. Мемлекеттің конфликтіні реттеп, өштескен тараптарды ақылға шақырып, жағдайды реттемак болған әрекеттерін сипаттайтын посттардағы пікірлерді қарап отырсақ: онда билікті жемқор жеп айыптайтын, мұндай қақтығыстарды шешуде биліктің әділ әрекет ете алатынына сенбейтін және оған күле қарайтын комментарийлер көп екенін байқаймыз. Осы сенімсіздіктен барып пікірлер арасында заңсыз жолмен болса да «әділдік орнатуға» шақыратын, сондай-ақ жер иесі кім екенін білдіріп қою, яғни титул ұлт өкілдері үстемдік ететін ерекше қоғам құруға шақыратын ұрандар жиі жазылды.

Көп жағдайда осындай пікірлерге жұрт жаппай лайк басып, қолдап жатады. Тіпті ең танымал комментарийлердің өзі билікке сенімсіздікпен қатар өшпенділікке толы болып, қатаң дискри-

минацияға шақырып тұратын мазмұнда еді. Жоғарыда айтып өткендей, бұл жұмысымыз негізінен биліктің конфликт шыққан өңірдегі жағдайды реттемек болған әрекеттері жайлы посттарды талдауды көздейді. Мұндай посттардағы мазмұнды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: республика этностары арасында татулыққа шақыру және «мемлекет кінәлілерді жазалайды және зардап шеккендерге көмектеседі» деген ишара.

Азаматтардың биліктің татулыққа шақыруына реакциясы

Жиналған ақпаратты негізге ала отырып, мемлекеттің Қордай ауданындағы тәртіпті қалпына келтіруге әрекет жасау кезінде биліктің жоғары эшелондары, атап айтқанда, Елбасы мен Президент тарапынан ұлттар татулығы мен бейбітшілікті сақтауға деген үндеулерге ерекше назар аударғанын атап өтуге болады. Биліктің екі өкілі де үндеуде Тәуелсіз Қазақстан дамуының тарихи күрделілігіне және қиындықтарды еңсерудегі ұлттық бірліктің рөліне басты назар аударды. Мысалы:



«Егер біз көпұлтты халқымыздың басын біріктіріп, тұрақтылықты қамтамасыз ете алмасақ, елімізге шетелдік компаниялар инвестиция салмайды, экономика кері кетеді. Әрине, мемлекет басшыларына тиісті міндеттер жүктелді, бірақ бейбітшілік пен келісімді сақтау – ең алдымен, халықтың жауапкершілігі», – деді Нұрсұлтан Назарбаев»¹.



«Ол (Қ.Тоқаев) Қазақстан достықтың, бейбітшілік пен келісімнің Отаны, барлық этнос топтары үшін ортақ Отан екенін атап өтті. Зұлмат жылдары қазақ жері түрлі тарихи жағдайларға байланысты осында ағылған барлық ұлт өкілін құшағын жая қарсы алды. Мемлекет басшысы Қордай ауданында болған жағдайдан дұрыс қорытынды жасау қажеттігін айтты»².

Мұндай посттарға реакция әртүрлі болды. Пікір жазушылардың көпшілігі мемлекеттік тілді осы елде тұратын барша халықтың

білуі міндетті екені мен мемлекет құраушы ұлттың мәдениетіне құрметпен қарауды талап ету төңірегінде болды. Дегенмен режимнің жемқорлыққа белшесінен батқанын айыптайтын және биліктің мемлекет құраушы ұлтқа әділетсіз көзқараста екенін баса айтқан пікірлер де көп қолдауға ие болды. Атап айтқанда:



«Сіз және Елбасы олармен бір ауылда тұрып көрген жоқсыздар. Олар ойына келгенін істеп жүр. Жазасыз құтылатынына әбден сеніп алған. Мен қазақ болмасам да, қазақ халқын сыйлаймын. Барлығы әділ болуы керек. Неге әділетсіздік тек қазақтарға ғана жасалуы керек? Одан тек қазақтар ғана жапа шегіп отыр»³.

Дәл осы пікірде биліктің қақтығыстарды реттеу барысында дәл қазақтарға әділетсіз көзқараста болғаны көрініп тұр. Оның үстіне бұл пікірді басқа ұлт өкілі жазып отырғанынан-ақ пікірдің қаншалықты салмақты екенін көруге болады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, осы зерттеуімізге негіз болған, оқырман тарапынан көп қолдау алған пікірлер арасында режимнің жемқорлыққа белшесінен батқанына ашулы жазбалар жиі көрінді. Проблема тек саяси жүйе ауысқанда ғана шешіледі деген сыңайдағы байламдар анық көрініп тұрды. Сондай бір пікірден үзінді келтірсек:



«...Оян, халайық! Бұл елде түрлі ұлт өкілдері тұрады. Бір-біріңнің үйіңді өртегеннің несі мақтаныш? Сендер осыдан кейін мұсылманбыз деп қалай айтасыңдар? Бір-біріңді сыйлаңдар, имандарыңды күшейтіңдер. Сендерді көрген жастар қандай тәрбие алады? Бірігіп, тізе қосып, елді көркейтуге үлес қосыңдар. Ең алдымен көпұлтты мемлекет екенімізді айтып мақтана беретін Назарбаевты қуып шығу керек. Кеңес одағы кезінде гүлденген елді мына үкімет қиратып бітті, тек өз қалтасын қампайтуды ғана біледі. Мұндай президенттің не керегі бар?!»⁴

Егер өшпенділік иісі аңқып тұрған пікірлерді талдауға кірісетін болсақ, режимнің жемқорлыққа бейімдігін көзге шұқитын жазбалар жиі байқалады. Солардың бірі:



«Жетісу жеріне келіп қоныстана бастағанда қырғыздар оларды түгел қырып тастауды ұсынған екен. Бірақ ішіндегі бір қу дүнген сол кездегі билердің біріне алтын сөлкебай пара беріп, жер алып қалған екен. Содан жыпырлап көбейе бастаған. Ол бидің аты Ноғайбай би екен. XIX ғасырдың жемқорының атымен қазір Қордай ауданында бір ауыл аталады. Бұл – жемқорлықтың біздің қанымызда екенін көрсетеді. «Абай жолын» оқығандардың барлығы сол кездегі би мен сұлтандардың тоқсан пайызы жемқор болғанын білуге тиіс. Біздің қанымызға ғасырлар бойы сіңген осы кеселден қалай және қанша уақытта құтыла алатымызды білмеймін»⁵.

Бұл жолдардың авторы мәселенің шешімі – дүнгендерді құрту деп біледі. Бұл өшпенділіктің қатаң түрі екені анық. Алайда режимнің әу бастан жемқорлыққа бейімдігінің арқасында мұны жүзеге асыру мүмкін емес деп санайды. Бұл пікірді талдау барысында бір кереғарлықты байқауға болады. Бір жағынан, биліктің әлсіз, жемқор екені айыпталса, екінші жағынан, дүнген диаспорасына қарсы жасалған заңсыз әрекеттер осы режим тұсында туындағанын білдіреді, яғни мемлекеттің өз азаматтарын қорғай алу әлеуетінің көрсеткіші деуге болады.

Соған қарамастан, биліктің татулыққа үндеп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға шақыруына деген азаматтардың реакциясын талдаудан байқағанымыз: мемлекеттің халықтың сеніміне нұқсан келтіретін жүйелі проблемаларын көрсететін комментарийлер көп қолдау табады. Атап айтқанда, қазіргі режимнің сыбайлас жемқорлығы мен биліктің қақтығысушы тараптардың ешқайсысына қысым жасамай, конфликтіні әділ шешуге қабілетсіздігі сияқты факторлар қоғамның басы бірікпейтін жағдайға әкеледі.

Үкіметтің жанжалды шешу шараларына азаматтардың реакциясы

Посттардың екінші тобы шартты түрде мемлекет қабылдаған шаралар туралы жаңалықтарды жеткізуге, атап айтқанда, қақтығысты қоздырушыларды жауапкершілікке тартуға және қиратудан

кейін зардап шеккендерге көмек көрсетуге бағытталған. Негізінен бұл посттарға Президент пен Үкіметтің атқарылған жұмыс туралы мәлімдемелері кіреді. Бұл мәлімдемелердің көпшілігі Қордай ауданындағы қақтығыстың негізгі себебі – арандатушылардың әрекеті және билік мұндай дау қоздырғыштарды жазалап, осындай оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін қолдан келгеннің бәрін жасады деп келеді. Мысалы:



«Қазақстан Президенті өзінің Twitter akkaунтында мәлімдеме жариялады. Мемлекет басшысы ауылда бұзақылық салдарынан жаппай төбелес болғанын, арандатушылар оны өз пайдасына пайдалануға тырысқанын атап өтті. Қазіргі уақытта жағдай құқық қорғау органдарының бақылауында. Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл тұрғындары арасындағы қақтығысты қоздыруға кінәлілердің барлығы жауапқа тартылатынын да айтты»⁶.

Пікірлер арасында ең күшті резонанс тудырғаны – қақтығыстың себебі арандатушылық деп аталғаны болды. Осы посттар астындағы ең көп лайк жинаған пікірлер биліктің біліксіздігін сынаған және қазіргі жағдайға әділ баға бере алатынына күмән келтірген жазбалар еді. Мұнда кейбір пікірлер мысал ретінде келтірілген:



«Арандатушы – дүнгендер. Олар жергілікті билік өкілдеріне бағынбайды, полиция қызметкерлеріне қол көтереді. Полицияның дүнгендерге шамасы келмейтініне халық кінәлі емес»⁷.


«Үкімет басындағылар, қазақты қорқытып баса бермеңіздер, басқа ұлт басымызға шығып жатыр»⁸.

«Олар бірінші бастады. Бастарына бәле тілеп алды да, енді шырылдауда. Сол керек өздеріне!!! Кінәлілер үнсіз. Тіпті өтірік болса да кешірім сұрамады!!! Айналып келгенде біздің жігіттер кінәлі болып отыр!!!»⁹

Пікірлер биліктің этникалық азшылық өкілдерінің заң бұзушылығын тыя алмайтынын көрсетеді. Кінәлілерді анықтау кезінде әділет салтанат құратынына күмән көп, билікке күмәндану қарау байқалады. Үкіметтің қақтығысқа қатысқан қазақ жігіттеріне деген кемсіту көзқарасына сілтемелер бар. Бұл тенденция

дүнгендерге қатысты пікірлерде де өшпенділік тілінде көрініс тапты. Бірнеше мысал:



«Дүнгендер кінәлі, соларды отырғызу керек. Шамалары қазаққа ғана жетеді бұлардың  и вообще көшіру керек, қайда тұрып жүргендерін ұмытып қалды ғой дим. сосын: өкімет ешнәрсені жөндеп бермесін, бәлелер өздері жөндеп алсын, құтырып бітті ғой...».¹⁰

«Арандатушылар болған жоқ. Оларды бағыда-ақ орнына қою керек еді. Қазақты баса бермей».¹¹

«Егер тағы да біздің жігіттерді кінәлі қылып шығарсаңдар – арты жақсы болмайды. Қазақ жігіттерінде намыс өршіп тұрғанда ауыздарыңды жабыңдар! Не полиция, не омон тоқтата алмай қалады».¹²

«Ертең қазақтардың бәрін соттайды, сонда көтеріліске шығыңдар, қазақтар, тек алға!»¹³

Бұл пікірлердің барлығындағы өшпенділік екі бағытқа қарай ойысады: дүнген халқына қатысты агрессия, мысалы, «қуып шығу керек», «кімнің кім екенін көрсету керек» деген сарында болса, сондай-ақ билікке қатысты – бұл жағдайды реттеу кезінде билікке бағынбауға шақыру да бар. Бұл әрекеттерін олар үкіметтің шараларына деген сенім жоқтығымен, мемлекет құраушы ұлтты кемсіту фактілерімен ақтап алады. «Орташа» және «жеңіл» түрдегі өшпенділігі бар комментарийлер бірсарынды болып келеді және заңсыз әрекеттерді билікке деген сенімсіздікпен ақтап отырады:



«Қазақтарды сабағанда бәледейсіңдер, қазақтар көтерілсе жандарың шығады».¹⁴

«...Ол жақта достарым тұрады, заңсыздық деген бастан асып жатқанын білеміз. Әлеуметтік желілерде жазылып жатқанның бәрі шындық. Біздің әшейінде батыр полиция мен билік өкілдерінен қайран болмағандықтан осындай кек алу, ойран-топан болды!!! Шыдамы шегіне жеткен халықтың ашу-ызасына бұлай тиюге болмайды!!!»¹⁵.

Қақтығысты шешу үшін үкімет қолданатын шаралар туралы посттардың астындағы пікірлер үкіметтік органдардың жұмысындағы жүйе проблемаларын да айналып өткен жоқ. Билік өкілдерінің заң бұзуы және этникалық топтар арасындағы дауларды шешудегі жұмыстың тиімсіздігін айта келіп, тәртіпсіздіктерді жүйедегі проблемалармен ақтайды:



«Алжыған шалдар пенсияға кетіңдерші қанды ішпей. Халықты тыңдамайсыңдар, қамап, құдалап өлтіріп жатырсыңдар. Заңды өздерің бұзып жүрсіңдер. Ол аздай қайдағы бір дүнгендердің көтіне кіріп жүрсіңдер. Халықты қорқытып осылай ұстаймыз деп ойламаңдар. Халық одан ары кектенеді, арты қиын болады».¹⁶

«Бәріне құқық қорғау органдары мен сот жүйесі кінәлі!!! Мен бір жылдан бері тергеу комитетіне паспортына қазақ деп жазып алған шешен қызы туралы жаздым. Жауап жоқ! Қазір ақсақалдардың шешімін күтіп отырмын. Баруға тиіс жердің бәріне бардым. Өзімді сабырға шақырып отырмын! Бірақ жақында мен де кек алуға кірісем. Менің де құқым аяқасты болуда. Біз көнбіс халықпыз. Бірақ намысымызды таптатып отыра алмаймыз! Кек алуға осы жүйенің өзі итермелейді! Сосын мендейлерді қамап қояды. Бәлені бастаған мен болып шығам ғой сонда??? ИМ жүйесі, халықты осындай күйге түсіргендерің масқара!!! Реформа керек!»¹⁷

Бұл посттар қоғамдағы этникалық қақтығыстарды шешу үшін қажет эксклюзив институттарды дамытуға бағытталған тағы бір пікірлер тобының дамуына себеп болды. Комментаторлардың қисыны бойынша, мемлекет құраушы халыққа ерекше мәртебе беру қоғамдағы басқа этникалық топтардың «амбициясын» төмендетеді, бұл өз кезегінде қақтығыстар туу ықтималдығын азайтады. Мысалы:



«Токаев мырза, Қазақстанда қазақ ұлтының статусын официально өзге ұлттан жоғары көтеруді талап етемін!»¹⁸

«Дүнгендер басқа шығып болды! Үкімет оларға ерекше жағдай жасап отыр! Олардың жергілікті ұлт өкілдерін сыйлауын заңмен бекіту керек».¹⁹

Осы посттар мен оның астындағы оқырмандар арасында мұндай мәлімдемелер мен оны қолдау – мемлекеттің ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесінде проблемалары бар екенін көрсетеді. Өйткені комментаторлардың пікірінше, билік институттарының қазіргі қызметі тиімсіз және бұл жағдайда олар жергілікті ұлттық басқаларға қарағанда үстемдігін қамтамасыз ететін дискриминация институттарының құрылуын жөн көреді.

Жалпы алғанда, мемлекет қабылдаған шаралар туралы жаңалықтарды жеткізуге бағытталған посттар, атап айтқанда, қақтығысты қоздырушыларды жауапкершілікке тарту және қиратудан кейін зардап шеккендерге көмек көрсетуге қарағанда әлдеқайда көп резонанс тудырды деп айтуға болады.

Атап айтқанда, қақтығыстың арандатушылық себептерін анықтау аспектілері саяси режимнің жұмыс істеуін сынға алатын ең көп комментарий жинады. Осы посттарға жазылған комментарийлерден дұшпандық көрінісінің ауыр түрлерін байқауға болады, бірақ пікірлердің ерекшелігі – этникалық топқа қатысты заңсыз әрекеттерге шақыру көбінесе биліктің қақтығыстың себептерін дұрыс түсінбеуіне байланысты билікке деген сенімсіздікпен ақталатынында.

Сонымен қатар эксклюзив саяси институттар құруға шақыру үрдісі де байқалды. Әлбетте, бұл биліктің жанжалды жағдайды дұрыс шешу қабілетіне деген күмәнға негізделген.

Қорытынды

2020 жылы Қордай ауданындағы этникалық қақтығыс тақырыбындағы посттар мен пікірлерге жүргізілген талдауларға сүйене отырып, этникалық азшылықтарға қатысты зорлық-зомбылық пен кемсіту әрекеттерін ақтау тенденциясы бар деп айта аламыз. Бұл пікір білдірушілердің әділ тәртіп орнатуға қабілетсіз үкіметке деген сенім деңгейінің төмендігінен келіп шығады.

Комментарийлерде қолданылған өшпенділік тілінің едәуір бөлігі биліктің мемлекет құраушы ұлтқа деген әділетсіздігі мен биліктің этникалық қатынастарды реттеудегі қабілетсіздігінен туындайды. Сонымен қатар комментаторлар мемлекеттік басқару

құрылымдарында жүйелі проблемалардың бар екенін белсенді пайдалануда. Мысалы, сыбайлас жемқорлық пен тиімсіз шаралар жиі тілге тиек болған.

Жалпы алғанда, мемлекет жұмысындағы жүйелі проблемалар халық арасындағы сенім деңгейінің төмендігіне негіз болып саналады деп айта аламыз. Нәтижесінде қақтығыстарды реттеу мәселесінде билікке деген сенімнің болмауы өшпенділік әрекеттеріне көшу, оның ішінде этникалық азшылыққа қатысты заңсыз әрекеттерге шақыру үшін негіз ретінде пайдаланылады.

Ұсыныстар

Бір айта кетерлігі, осы аналитикалық мәтінге негізделген топтама шектеулі, сондықтан нақты байланысты анықтау үшін осы бағытта қосымша зерттеулер жүргізу керек. Оған неғұрлым мол кейстер мен басқа жағдайлар кіруі тиіс. Алайда осы жұмыста анықталған тенденциялар халық арасында өшпенділік тілінің агрессиялы формаларының алдын алу үшін бірқатар ұсыныс жасауға мүмкіндік береді.

Өшпенділік тілінің тым дұшпандық формалары негізінен азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге келгенде біліксіз болшығатын мемлекеттің «әлсіздігі» туралы идеялармен ақталды. Атап айтқанда, қақтығысты шешу барысында мемлекет қолданатын шараларға халық арасында сенім жоқ. Демек, үкімет халықтың сенімін қалпына келтіруге және азаматтардың көз алдында режимді легитимді етуге көп көңіл бөлуі керек. Осы мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің бірі – Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілеттіктерін өңірлік деңгейде, атап айтқанда, өңірлерде ұйым өкілдері жүргізетін тұрақты мониторинг процесінде кеңейту, халықпен жұмыс істеуге көбірек көңіл бөлу керек. Түрлі этникалық топ, жас санаттары және жұмыспен қамту салалары өкілдерін қамтитын сауалнамалар жүргізіп, халықтың өзекті мәселелері туралы сұраған жөн. Жағдайды шешу және жанжалдардың алдын алу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мониторинг есептерін ұсыну керек. Халықтың құқы мен үкімет легитимдігін қорғаудың кепілі ретінде биліктің барлық деңгейінде заң үстемдігін орнату бойынша белсенді шаралар қабылдау ұсынылады. Сол арқылы халық арасындағы билікке сенім деңгейін

арттыруға болады. Оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді күресті күн тәртібіне көтеру және олардың қызметінің тиімділігі мен транспаренттілігін арттыру мақсатында жергілікті басқару органдарының жұмысын реформалау, оның ішінде азаматтарға жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің сапасына ықпал етудің қосымша тетіктерін ұсыну. Мұндай реформаның мысалы ретінде халықпен жұмыс істеу үшін қосымша институттар, оның ішінде тұрғындардың өз проблемалары туралы ашық немесе жасырын хабарлай алатын онлайн платформа құру арқылы партия филиалдарының аймақтық өкілдіктерінің жұмыс істеуін жандандыруды ұсынуға болады. Осылайша, азаматтардың елдің саяси өміріне белсенді қатысуына және әртүрлі деңгейдегі билік өкілдері аймақтардың дамуын бақылау үшін қосымша күштер құруына мүмкіндік туады.

Пікірлер мазмұнында көрсетілген аспектілердің бірі мемлекет құраушы ұлт үшін бірқатар басымдығы бар эксклюзив қоғам құруға шақыру болды. Бұл қоғамды тұрақсыздандырудың қосымша факторы болуы мүмкін. Инклюзив қоғам қалыптастыруды ынталандыру үшін халық арасында түсіндіру қызметін жүргізу арқылы Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты қоғамда инклюзивтілікті қалыптастыруға жауапты ұйымдардың жұмысын жандандыру ұсынылады. Оның барысында заң үстемдігіне және мультимәдени қоғам ұғымына баса назар аударылуға тиіс. Көп қақтығыстың қозғаушы күші – жастар, сондықтан жастармен жұмыс барысында инклюзивтілікті дамытуға назар аудару өте маңызды. Жастарға жеке тұлғаны қалыптастыру сатысында мультимәдени және демократиялық құндылықтарды қабылдауға көмектесетін орта, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында осыған ұқсас түсіндіру жұмыстарын жүргізуді енгізу ұсынылады.

Әдебиет тізімі:

- Asogwa, N. & Ezeibe. C. (2020). The state, hate speech regulation and sustainable democracy in Africa: a study of Nigeria and Kenya. *African Identities*, 1-16.
- Brinkerhoff, D.W. & Johnson, R.W. (2009). Decentralized Local Governance in Fragile States: Learning form Iraq. *International Review of Administrative Sciences*, 75(4): 585-607.

Kimotho, S.G., & Nyaga, R.N. (2016). Digitized Ethnic Hate Speech: Understanding Effects of Digital Media Hate Speech on Digital Journalism in Kenya. *Advances and Language and Literary Studies*, 7(3): 189-200.

Miller, A.H. (1974). Political Issues and Trust in Government: 1964-1970. *The American Political Science Review*, 68(3): 951-972.

Weinstein, J. (2017). Hate Speech Bans, Democracy and Political Legitimacy. *Constitutional Commentary*, 32: 527-583.

¹ ztb_kz 11 ақпан 2020 жыл.

² ztb_kz 2 наурыз 2020 жыл.

³ ztb_kz 11 ақпан 2020 жыл, 4 лайк.

⁴ Kazakh_inform 11 ақпан 2020 жыл, 10 лайк.

⁵ ztb_kz 11 ақпан 2020 жыл.

⁶ Kazakh_inform 7 ақпан 2020 жыл, 632 комментарий.

⁷ Kazakh_inform 7 ақпан 2020 жыл, 220 лайк.

⁸ Kazakh_inform 7 ақпан 2020 жыл, 171 лайк.

⁹ Kazakh_inform 14 ақпан 2020 жыл, 171 лайк.

¹⁰ Kazakh_inform 14 ақпан 2020 жыл, 171 лайк.

¹¹ Kazakh_inform 8 ақпан 2020 жыл, 40 лайк.

¹² Kazakh_inform 7 ақпан 2020 жыл, 79 лайк.

¹³ Kazakh_inform 7 ақпан 2020 жыл, 121 лайк.

¹⁴ Kazakh_inform 7 ақпан 2020 жыл, 126 лайк.

¹⁵ Kazakh_inform 14 ақпан 2020 жыл, 171 лайк.

¹⁶ Kazakh_inform 1 наурыз 2020 жыл.

¹⁷ Kazakh_inform 8 ақпан 2020 жыл, 75 лайк.

¹⁸ Kazakh_inform 14 ақпан 2020 жыл, 186 лайк.

¹⁹ Holanewskz 12 ақпан 2020 жыл, 10 лайк.



Дина Көшербаева,
Жұлдыз Смағұлова

**Өшпенділік дискурсты
сыни талдау**

Кіріспе

Әлеуметтік медианы халық белсенді қолдана бастаған сайын әр түрлі топтар (нәсілі, этникалық тобы, ұлты, жынысы, діні, жыныстық талғамы және т.б.) арасындағы коммуникация тікелей бола бермек. Бұдан барып адамдар арасындағы жаңа қарама-қайшылықтар пайда болып, әр түрлі белгілер бойынша кемсіту өрши түседі (Watanabe, Bouazizi, & Ohtsuki 2018).

Facebook және Twitter сияқты әлеуметтік желілер, аноним хабарламаларға арналған Reddit және 4chan секілді онлайн форумдар өшпенділік тілінің таралуын күшейтеді дейді Barnidge et al (2019). Интернет кеңістігінде виртуал онлайн қауымдастықтар мен өшпенді топтардың саны артып келеді. Олар өшпенді виртуал орта құрып, оны белгілі бір топ немесе қауымдастықты маргиналдандыру және демонизациялау үшін пайдаланады (Awan 2016).

Психологиялық қорғаныс реакциясы ретіндегі сөзбен қақтығыс барысында көбінесе өзара құрмет мәдениетіне нұқсан келтіре отырып, өшпенділік тілі (ӨТ) қолданылады (Brink 2011). Өшпенділік дискурстың негізгі сипаты: стигматизация, айыптау, стереотиптер құру және т.б. (Vollhardt et al. 2006). Өшпенділік тілі – адамның басқа топ өкілдеріне агрессиялы, қатігез немесе қорлайтын қарым-қатынасын көрсететін тілдік құралдардың жалпылама көрінісі.

Parekh (2006:214) келтірген мәліметтер бойынша, өшпенділік тілі – белгілі бір сипаты және/немесе ерекшеліктері бар адамдар тобына деген жеккөрушілікті білдіреді және осындай қарым-қатынасты қорғайды, қолдайды, насихаттайды немесе отқа май құяды. Сонымен қатар өшпенділік тілі этникалық азшылықтарға, жергілікті қауымдастықтарға, діни топтарға және тағы басқаларға психологиялық қысым жасап, қол жұмсатуы да мүмкін. (Мысалы, Мысырдағы копт христиандарға, Мысырдағы мұсылмандарға, Грекиядағы эмигранттарға және басқаларға жасалған зорлық-зомдылықты атауға болады) (Benesch 2014).

Өшпенділік дискурсты сыни талдау

Дұшпандық дискурсты зерттеудегі маңызды құрал – тіл, билік және идеология арасындағы байланысты зерттейтін сыни

дискурстық талдау (бұдан былай – СДТ). Лингвистикалық талдау моделі ретінде СДТ жасырын идеологиялық құрылымдарды, әлеуметтік билікті теріс пайдаланудың дискурсив аспектілерін, үстемдігін және мәртебе, ынтымақтастық, әлеуметтік игілік пен биліктің таралуына байланысты салдарын зерттеуге тырысады (Gee 2011:68) дейді Bastone (1995).

СДТ құндылықтар мен көзқарастар жүйесі, стереотиптер, этникалық наным-сенімдер және т. б. қалай анықталатынын, пайда болатынын және енгізілетінін анықтауға көмектеседі. СДТ-ның көмегімен идеология (биліктің, үстемдік пен қанаудың әлеуметтік қатынастарын орнатуға, қолдауға және өзгертуге ықпал ететін бейбітшілік аспектілерін ұсыну) тек белгілі бір әлеуметтік топтардың сенімдері, көзқарастары және т.б. ретінде сипатталмай, билік модальдігі тұрғысынан талданады (Fairclough 2003:9).

Fairclough (2003:24) дискурстың үш деңгейін ұсынады: микро деңгейде – дискурсқа әлеуметтік оқиғалар, мезо деңгейде – әлеуметтік (дискурсив) тәжірибелер және макро деңгейде әлеуметтік құрылымдар түрткі болады. Микро деңгейде дискурсив оқиғаларды зерттеу кезінде мәтіндер немесе дискурстың басқа формалары оларды егжей-тегжейлі сипаттау арқылы талданады (мазмұны, құрылымы, грамматикасы, сөздік қоры, интертекстуалдық, сондай-ақ риторикалық немесе әдеби әдістерді ескере отырып).

Мезо деңгейдегі дискурсив тәжірибені зерттеу кезінде талдаушылар дискурсив тудыру, тарату және ассимиляция процестерін талдайды және дискурсты осы контекст түсінігі негізінде ұғындырады. Әлеуметтік құрылымдардың макро деңгейі неғұрлым кең әлеуметтік контекстке бойлауды қажет етеді (оның ішінде дискурс пен қоғамды басқаратын жасырын және айқын ережелер, нормалар немесе моральдар). Макро деңгейді талдау дискурс, идеология және әлеуметтік-материалдық әлем арасындағы байланысты түсіндіру үшін микро және мезо деңгейіндегі зерттеулерден алынған идеяларды қайта біріктіруді де қажет етеді (Johnson & McLean 2020).

Әдебиетте СДТ-ның төмендегідей негізгі принциптері көрсетілген (Fairclough & Wodak 1997):

- СДТ әлеуметтік проблемаларға көп назар аударады;

- биліктің қарым-қатынасы дискурсив болып келеді;
- дискурс идеологиялық жұмыстарды атқарады;
- дискурс – қоғам мен мәдениеттің айнасы;
- дискурс – тарихи;
- мәтін мен қоғам арасындағы байланыс делдалданған;
- дискурсив талдау ұғындыру және түсіндіру түрінде болады;
- дискурс – әлеуметтік әрекеттің формасы.

Klein (2018) СДТ-ны қарапайым жүйелік лингвистикалық талдау арқылы талдау мүмкін емес деп санайды; талдаудың сыни және коммуникатив аспектілерін қолдану қажеттігі туындайды. Өйткені белгілі бір коммуникатив өнімде айқын немесе жасырын, түпсанадағы дұшпандық мағынаны түсіну үшін ең қолайлы және тиімді құралдар бар, яғни әр түрлі коммуникациялық процестің әрқайсында сіз төмендегідей коммуникатив механизмдерге назар аударуыңыз керек:

- қарым-қатынас техникасы (сөз, сөйлем, бейнелеу, дауыс ырғағы, ым-ишара, көзқарас, символ, әлдененің суреті және т. б.);
- коммуникация процедурасы (әдістің қайда, қашан және қалай қолданылуы);
- коммуникативтік стратегия (неліктен дәл осы әдіс қолданылады).

Нәсілдік және ұлтаралық араздық дискурсына келетін болсақ, Dossou & Klein (2016, Klein 2018:9 келтірген) нәсілшіл жеккөрушілікке бағытталған дискурстық дискриминацияның келесі коммуникативті процестерін атап көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл жіктеу аз ұлттарға қатысты қазақстандық араздық дискурсын талдаудың тиімді құралы бола алуға тиіс:

1-кесте. Дискурс дискриминацияның 25 коммуникатив процесі

- | | |
|--|---|
| 1. Анимализация (animalization) | 14. Милитаризация (militarization) |
| 2. Банализация (banalization) | 15. Ұлттық жасау (nationalization) |
| 3. Криминализация (criminalization) | 16. Қамқорлық (patronization) |
| 4. Деруганизация (dehumanization) | 17. Физиономинизация (physionominization) |
| 5. Демонизация (demonization) | 18. Поляризация (polarization) |
| 6. Қаралау (denigration) | 19. Нәсілге бөлу (racialization) |
| 7. Этнизация (ethnicization) | 20. Заттандыру (reification) |
| 8. Азаматтықтан айыру (exclusion from citizenship) | 21. Діншілдік (religionization) |
| 9. Қорлай (humiliation) | 22. Радикалдандыру (radicalization) |
| 10. Инфантилизация (infantilization) | 23. Сенсациялау (sensationalization) |
| 11. Қорқыту (intimidation) | 24. Сексуализация (sexualization) |
| 12. Минимал ету (minimalization) | 25. Виктимизация (victimization) |
| 13. Миссионерлік (missionization) | |

Cozien (2015:27) келтірген мәліметтер бойынша, дискурста әр түрлі этникалық, нәсілдік және басқа да әлеуметтік-мәдени стереотиптер көрініс береді (жасалады және таралады). Сонымен қатар осы стереотиптердің табиғаты туралы жалпы идеялар қалыптасады. Осылайша, коммуникация әрқашан идеологиялық мәселе болып шығады. Коммуникация контексте немесе өшпенді қарым-қатынас кезінде стереотиптермен және билік қатынастарымен тығыз байланысты.

Басқаша айтқанда, нәсілшілдік, антисемитизм, ксенофобия, акрофобия, дискриминация және тағы басқалары дискурсивті түрде байланысады. Сонымен, кемсіту коммуникациясын талдау кезінде келесі факторлар ескерілуі керек: кім, кімге, қандай мақсатпен, қандай жағдайда, қандай контексте, қандай жағдайда және нақты мәтін қандай мақсатпен жазылды (Klein 2018:7).

Өшпенділік тілін сыни талдау: кейстер

Бұл бөлімде БАҚ-тағы араздық дискурсын, саясаткерлердің және әлеуметтік желілердің этникалық қатынастар мен қақтығыстар тақырыбындағы баяндамаларын (*жазбаларын*) зерттеу бойынша кейбір халықаралық зерттеулерге шолу жасалады.

Arcan (2013) түрік бұқаралық ақпарат құралдарында өшпенділік тілін зерттей келе, этникалық, діни, жыныстық немесе сексуалдық талғамына қарай белгілі бір топтарды қорлаған тақырыптар мен жаңалықтар саны көбейгенін айтады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар мен репортаждар әлеуметтік топтардың репрезентациясына әсер ететінін ескере отырып, автор Түркиядағы этникалық және діни азшылықтарға қарсы өшпенділік тілінің стратегиясын ашуға тырысады.

Сонымен, 2011 және 2012 жылдары жарияланған жеті түрлі түрік газетіндегі мақалаларға сыни талдау идеологиялық немесе саяси ұстанымға қарамастан, дұшпандық дискурстың төмендегідей басым заңдылықтарын көрсетті. Біріншіден, «өзін» (басым этникалық топ) оң кейіпте көрсету және «басқаларды» (этникалық азшылық) теріс кейіпте көрсету бар. Соңғылары теріс коннотациялары бар сөздер арқылы сипатталады; этникалық топтар арасындағы айырмашылықтарды атап көрсету арқылы оппозиция құрылады. Полярланған тұлғалардың құрылымы (polarized identities construction of polarized identities) пайда болады. Мысалы:



The Greeks [...] no race in the world has such lying, untrustworthy, unreliable people (H. Macit Yusuf, Yeniçağ 12 Sep. 2012, www.yg.yenicaggazetesi.com.tr) (Arcan, 2013:50).

Гректер [...] әлемдегі ешбір (этникалық) нәсіл осылар секілді сенімсіз әрі өтірікші емес.



The most ferocious enemy of Muslims are the Jews [...] Let me remind you that all gambling games were invented by Jews. Are you aware of how the Jews took you away from your [Muslim] faith and make you slaves? (Adnan Öksüz, Milli Gazete 3 Sep. 2012, www.milligazete.com.tr) (Arcan, 2013:50).

Мұсылмандардың ең жауыз дұшпаны – еврейлер [...] Барлық құмар ойынды осы еврейлер ойлап тапқан. Сендер еврейлердің бізді [мұсылмандарды] сенім-нанымымыздан қалай айырып, құл қылғанын білесіңдер ме?

Екіншіден, аз ұлттар арамза, сатқындар ретінде дискурсив түрде берілген. Автор олардың опасыздығы мен қайырымсыздығын баса көрсететін жеккөрушілік дискурстың жалпы түрлерін айқындайтын мынадай мысалдар келтіреді:



There is no other country that has such big number of traitors [...] The Turks are suffering under the Armenians' cruelty (Altémur Kılıç, Yeniçağ, 26 Apr. 2010) (Arcan, 2013:52).

Осыншама көп сатқын жиналған басқа ел жоқ шығар [...] Түріктер армяндардың қатігездігінен жапа шегіп келеді.



They [Kurds] are burning [Turkish] flags, ruining neighbourhoods, [but] then expect to be served by state (Sözcü, 14 Jul. 2011) (Arcan 2013:52).

Олар [күрдтер] туларымызды [түріктердің] өртеп жатыр, көршілерді үнтен, [бірақ] артынан мемлекет оларға қызмет ете ме деп күтеді.

Obiora, Abok & Doka (2021) Нигериядағы саясаткерлердің кейбір сөздерін сыни талдай келе, билік пен әлеуметтік үстемдік айыптау, пайымдау, қорлау, елемеу және немқұрайдылықты қолдану арқылы салтанат құратынын анықтады. Авторлар келесідей мысалдар келтіреді:



The police are the one promoting crime in Nigeria. Most of the kidnapping in the country are done by the police (Obiora, Aboh & Dioka 2021:496).

Полиция Нигериядағы қылмыстың қолтығына су бүркіп отыр. Елдегі ұрлық-қарлықтың көпшілігі – полицияның ісі.

Congress at the Federal Government level has failed Nigerians (Obiora, Aboh & Dioka 2021:496).

Конгресс нигериялықтарды федералдық үкімет деңгейінде сан соқтырып кетті.

Олардың зерттеуі саясаткерлердің қоғамға әсер етіп, манипуляция жасау үшін өшпенділікке толы тіркестерді қолданатынын анықтады. Сонымен, дұшпандық дискурс билеуші және оппозициялық партиялар арасында тең емес қатынас туғызады. Сонымен қатар Нигериядағы бұқаралық ақпарат құралдары, мәдени, діни және этникалық топтар да бір-біріне деген жеккөрушілік тудыра отырып, жағдайды ушықтыруда.

Британдық дискурста исламофобияны зерттейтін Awan (2016) әлеуметтік желілерде «жаңа» қауымдастықтар жариялаған материал қоғамдағы ауызбірлікке жойқын әсер етуі мүмкін дейді. Мысалы, Facebook-тегі 100 түрлі парақша, хабарламалар мен комментарийлердегі өшпенділік тілін сапалы талдау барысында мұсылман қауымдастықтарына қатысты өшпенділік тілін қолданудың 494 фактісі анықталды.

Осылайша, зерттеу барысы желі қолданушылары арасында мұсылмандыққа қарсы көңіл-күй мен исламофобияның өскенін көрсетті. Мұсылмандар интернетте жауыз бейнеде көрсетіледі, бұл оларға деген теріс көзқарас, кемсітушілік, стереотиптер туғызады. Сонымен қатар жеке басына қауіп төндіріп, интернетте қысым көрсету белгілі бір топқа зорлық-зомбылық немесе теріс пиғылдағы әрекеттерге әкелуі мүмкін. Мысалы (орфография мен пунктуация өзгеріссіз берілді):



Kill them all they leave there own country to infiltrate and then breed like rabbits and live of the tax payers money (Awan 2016:7).

Барлығын қыру керек, олар өз елінен кетіп, бізге келіп, содан кейін қоян сияқты көбейіп, біздің ақша есебінен өмір сүреді.

Осылайша, айқын және жасырын этносаралық қақтығыстар контекстіндегі құбылыстар мен жеккөрушілік туралы зерттеулердің қысқаша шолуы дискурсив процестерді таңдаудағы ұқсастықты көрсетеді. Келесі бөлімдерде қазақстандық дискурсты талдау нәтижесі сипатталады.

Зерттеу әдістемесі

Электрондық БАҚ жарияланымдары мен 2020 жылғы ақпандағы Қордай ауданындағы жаппай тәртіпсіздіктен кейін Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі пікір көшбасшыларының жазбалары мен комментарийлері осы зерттеуге материал ретінде алынды. Оған пікір көшбасшыларының орташа және аса өшпенділік тілмен жазғандары да кірді. Талдау үшін іріктелген орыс тіліндегі пікір көшбасшылары жазған посттың жалпы саны – 91, ал қазақ тілінде 45 пост болды.

Сонымен қатар өшпенділік тілі бар комментарийлер де назарға алынды. Олардың ішінде орыс тіліндегі посттарға – 218 пікір, ал қазақ тіліндегі посттарға 287 пікір жазылған. Посттар мен комментарийлердің мазмұнын сыни тұрғыдан талдаудың мақсаты – қазақ және орыс тіліндегі түйін сөздер бойынша визуал бұлттарды (WordClouds) генерациялау арқылы Қордай тәртіпсіздігін жария етудегі типтік үлгілерді айқындау, сонымен қатар газет хабарламалары, посттар мен түсініктемелер сияқты әр түрлі мәтіндердегі дискурсив дискриминацияның типтік коммуникатив процестерін анықтау болды.

Зерттеу нәтижесі

Деректерді талдау нәтижесінде, ресми БАҚ-та ақпарат тарату, талдау, ой қосу сияқты коммуникатив мақсаттардың әрқайсысында пікір көшбасшыларының посттарында және желі қолданушылардың Қордай оқиғасы туралы комментарийлерінде дискурсив кемсітушіліктің әртүрлі коммуникативтік процесі қолданылғаны көрінді.

1. Қордай тәртіпсіздігін жариялаған БАҚ мақалаларын талдау


Қазақ және орыс тілдеріндегі БАҚ арасындағы коммуникация механизмдерінің айырмашылығы бірден көзге түсті. Қазақ тіліндегі ресми БАҚ-тағы материалдар негізінен Facebook-тегі пікір көшбасшыларының парақшаларынан алынған материалдарға репост жасады немесе билік өкілдері мен белгілі тұлғалардың видео, сұхбаттарына немесе сөздеріне сілтеме жасай отырып жарияланды. БАҚ-тағы Қордай оқиғасы тақырыбын қамтыған қазақша 21 мақаланың үшеуі ғана abai.kz ақпараттық порталында жеке ақпараттық-аналитикалық контент ретінде ұсынылды.

Өз пікірін білдіруден аулақ бола отырып, нақты өшпенділік мазмұны бар материалдарды репост жасаудың мұндай әдісі теріс немесе агрессиялы ақпарды таратуға мүмкіндік береді, сондай-ақ редакцияға ешқандай жауапкершілік жүктемейтіндіктен қолданылса керек.

Төменде БАҚ-та Қордай оқиғасын қазақ тілінде жариялау бойынша түйін сөздерді қамтитын сөздер бұлты берілген (1-сурет). Оқырманды Қордай ауданындағы тәртіпсіздіктен хабардар ету кезінде этносаралық қатынастар саясаты мен идеологиясының қателіктері, тіл білу, жанжалдың әлеуметтік-экономикалық себептері және қылмыстық-арандатушылық сипаты қозғалды.

Бұлтта ұлтшылдық (мысалы, мемлекеттік тіл, идеология) және криминализацияның (мысалы, қылмыскерлер, жанжалдар, төбелестер, тәртіпсіздіктер, қантөгістер) коммуникатив процестері айқын көрінеді.

Орыс тіліндегі БАҚ-тағы түйін сөздер бұлтының ішінен қылмыс-керлер, контрабанда, төбелес, жазалау, жарақат алу, қайтыс болу және т.б. сияқты сөздер ең жиі кездесетінін атап өтуге болады.



2-сурет: Орыс тілінде жазатын БАҚ-тағы түйін сөздер бұлты

2. Пікір көшбасшыларының Қордай оқиғасын жариялаған жазбаларын талдау

Пікір көшбасшыларының жазбасы аналитикалық сипатта болды. Авторлар қақтығыс себептерін түсінуге тырысып, этносаралық және әлеуметтік қатынастарды жақсарту үшін ұсыныстар жасап отырды. Посттарда негізінен үкіметті айыптау мен сынау басым (Obioga et al. 2021) болды. Дей тұрғанмен біз *виктимизация* процесін де байқадық, яғни «жалық» (этникалық азшылықтар емес) «жаман биліктің» құрбаны ретінде көрсетіледі:



Бұл – әдеттегідей жергілікті атқарушы биліктің нашар жұмысының нәтижесі.

Қазір ол жақта болып жатқан оқиғаның бәрі биліктің 25 жылдан бергі қателіктері мен теріс саясатының нәтижесі.

Біздегі ең парақор сала – құқық қорғаушылар мен сот жүйесі.

Масаншыдағы жағдай – құқық қорғаушылардың қолынан түк келмейтінінің айғағы.

Қазақстанның тамаша халқы нашар биліктен қорлық көріп отыр.

Аудан әкімі комиссиядан қашып жүр.

Бүгінгі билік жағдайды толық бақылауында ұстап тұрған жоқ.

Полицияның абыройы жоқ, тәртіп орната алмаған соң, халық өзі жазалауға кірісті.

Қазақ тіліндегі пікір көшбасшыларының кейбір посттарында билікке тағылған айыппен қоса, этникалық азшылық өкілдерін кінәлағандар да болды:




Сонда ол оқиғаға ауылдың әкімі дүнген кінәлі емес, тек облыс әкімі кінәлі ме?

Бүлікке себеп болған дүнген жастарының бұзақылығы – барып тұрған басыну.

Осылайша, біз қазақ және орыс тіліндегі дискурс айырмашылықтары бар екенін тағы да көріп отырмыз: қазақ тіліндегі посттарда өшпенділік тілі жоғары. Бір айта кетерлігі, пікір көшбасшылары мәлімдеме жасарда абайлап сөйлейді және айқын өшпенділік тілін қолданудан аулақ болуға тырысады. Олар дүнгендер vs қазақ жігіттері деген тақырыпты шиырлайтыны байқалады.

3 және 4-суреттер қазақ және орыс тілдеріндегі түйін сөздердің жиілігіндегі айырманы көрсетеді.



3-сурет: Қазақ тіліндегі пікір көшбасшыларының жазбасындағы түйін сөздер бұлты.



4-сурет: Орыс тіліндегі пікір көшбасшыларының жазбасындағы түйін сөздер бұлты.

3. Әлеуметтік желі қолданушыларының Қордай оқиғасын баяндаған жарияланымдарын талдау

Комментарийлер дискурсы БАҚ материалдарындағы құрғақ баяндау мен пікір жетекшілерінің посттары арқылы талдауға тырысатын жарияланымдарға қарағанда өзгерек. Пікірлер ішінде «біз жақсы, олар жаман» дейтін қарсы қою дискурсив стратегиясы «othering» айқын көрінеді.

Деректерді талдаудан байқағанымыз: сөзбен қақтығыс кезінде әлеуметтік желі қолданушылары арасындағы дискурсив стратегиялардың бірі – біртұтас иерархиядағы айырма дифференциация түріндегі «біздің топ» vs «олардың тобы» екенін көрдік (Wodak 2009, van Dijk 1992). Қоғамдық дискурста «олардың тобы» өкілдерінің «біздің топпен» салыстырғандағы теріс бейнесі жасалды. Егер «олардың тобын» кемсітіп, қорлап отырмаса, өзін немесе өз тобын оң кейіпте көрсету мүмкін болмайды (Tripathi 2016).

Дискурста қосарланған оппозициялар құрылады (поляриланған бейнелер); бөтен топ өкілдері жауыз кейіпте, заңнан тысқары етіп көрсетіледі (Wodak 2009). Бұл жағдайда «біздің топ» атауы қазақтарға таңылып, комментарийлерде олар оң сипатталып жатты (*олар мықты, қонақжай халық, көнбіс халық, астамсымайтын халық және т.б.*). Ал осы кезде «олардың тобы» деп басқа этникалық топтарға айдар тағылды. Комментарийлерде «бөтен», «жат» образда керіс сипатталып жатты (*тәрбиесіз, бетпақ халық, шакалдар*).

3.1. «Біз» сипаты

Желі қолданушылары арасындағы «біз – жақсымыз» деген тақырыпта бөліну мысалдары (комментарий жазушылардың орфография, пунктуациясы сақталды):



Қазақтар өте кең пейіл халық, біз артық дүние сұрамаймыз, тек кімнің жерінде жүргенін ұмытпасын.

Біз өзімізге тікелей тиіскенше көтерілмейтін халықпыз.

Біз қазақтар үйімізге келген қонақты сыйлаймыз, қонақжайлық – қасиетті салтымыз, біраз қонақтар шаңыраққа қарауды ұмытып кеткен жоқ па?!

Біз қонақжай, мейірімділігімізбен басымызға шығарып алдық.

Қазақтар жарайсыңдар.

Қазақтар – ең бейбіт, астамсымайтын, соқтықпайтын, бір сөзді халық.

Ең көнбіс халық – қазақтар.

Біздің дархан, бейбітшілік сүйгіш халық екенімізді іліп алған соң соны пайдаланып отыр.

Біздікілер дүнген әйелдер мен балаларға тиіспеген, тиіспейді де. Қазақтар хайуан емес қой.

Қазақ және орыс тілдеріндегі «Біз» дискурсив кейіптегі айырмашылықтарды атап өткен жөн. «Біз» нарративтері арасынан өзін «азап шеккен халық» ретінде сипаттайтын өзіндік үрдісі бар қазақтарды *виктимизациялау* процесін жиі кездестіруге болады («ламентинг», Смағұлов және т.б., 2017). Мысалы:



Казак халкы хор болып биттик кой. неге олар басынады кайта рахмет айтып тыныш журмейме. кутырды олар.

Эй қазақ, қонақжай салтың қайда? – дейді жұрт. «Шаршадым» - дейді қазақ.

Шаршап, азап шеккен сорлы халық!!!!

Ай сорлы казак айтсаң өзімізге тиеді.

Алайда өз тобының әрекетін теріске шығарып, ақыл айту арқылы өздерінің этникалық тобының теріс бейнесін дискурсив кейіпте көрсететін комментаторлар да бар екенін атап өткен жөн:



Олардың қылығына көніп отырмыз дей алмас ем. Біз қорқып отырмыз, бір сөз айтуға зәреміз ұшады. Біз кәдімгі ақымақ, білімсіз, қорқақ халықпыз.

Казак жаксы соз айтпайды, озынен баска жаксы адам жок.

Тараздағы мектеп әжетханасында оқушы қызды зорлап кеткенде қайда қалдыңдар, батыр бауырлар?? Ол кезде басқа емес өз қазағың зорлаған еді ғой. Балаларының көзінше қазақ әйелін, қарындасыңды ұрып өлтіргенде қайда болдыңдар, паң кеуде қазақ??? Екі қазақ жігіт пойызда қазақ қызын зорлаған кезде қайда болдың?? Мұндай мысалды жалғастыра беруге болады... Енді келіп сылтау тауып қалыпсыңдар. Шынтуайтына келгенде сендер босбелбеу қорқақсыңдар, қазақ бауырларым.

Өзіміз қандаймыз – билігіміз де сондай нашар. Одан асып кеткен жеріміз жоқ.

3.2. «Олар» сипаты

«Олардың тобы» дискурсив сипаты әр түрлі процесті қолдану арқылы жүреді. Негізгі процестің бірі – қаралау:



Олар тәрбиесіз, рахметі жоқтар.

Барахолкадағы дунгандар вобще наглыйго.

Ешкіммен сыйыса алмайтындар.

Дінін өзгерте салса да таңғалмаймын.

Армияға бармау үшін, псих. диспансерден справка сатып алады, мед. комиссияға барарда көздеріне қызыл бурыш сеуіп алады екен. Ерлерінің көбісі әйелдерімен занды түрде ажырасып алған, бірақ бірге тұрады, оны көп балаларына мемлекеттен көбірек пособия алу үшін жасайды. Ангімесі көп булардын, шыға береді.

Дегуманизация және анимализация:



Олар адам емес, малғұн, бетпақ, адам еместер.

Шакалдар олар.

Криминализация:



Мемлекет пен заңды сыйламайды.

Дүңген болса адам өлтіріп, майып қыла беруге бола ма? Заң болу керек қой. Ұлтына қарамастан.

Тіліне және мәдениетіне қарай бөлу, тіпті қазақ тілінде сөйлей алмайтын немесе нашар сөйлейтіндердің бәрін бөлу бар. Оның ішіне этникалық қазақтар да кіреді:



Орыс тілінде сөйлейтін корейлер, қытайлар, дүңгендердің бәрі қу.

Өз сорпасында өзі қайнап жататын топ... біздің тілімізді дәстүрімізді білмейді, қазақстандықтардың тіршілігіне қарай бейімделгісі келмейді.

Қазақша сөйлейтін басшылар керек. мангұрттер белгілі го тірліктері.

Өзін орыс санайтын, орыс болып кеткен мәңгүрттер біздің ұлттың тек жаман жағын көреді...

Моңғол пішінді психикалық ауытқуы бар азиаткалар. Орысша оқығанына мәз болып өздерін білімді санайды...өз ұлтына үнемі қарсы шығады. интернационалистер...

Ең жиі кездесетін процесс – миноритар этникалық топ өкілдерін азаматтықтан айыруға шақыру:



Қазақстаннан қуу керек!

Оңбағандар қайтсын еліне.

Көздерін құртып, кетсін, қайда кетсе, онда кетсін.

Қытайына жіберу керек қайтадан!

Қытайға қайта қуып тығу керек надандарды.

Кетсін!

Қара қытайды құрту керек.

Ұнамаса жол ашық, ресейге, қытайға ,қайда кетсе өз еріктері!

Гнать нахрен.

Қазақстан мен заңдарын сыйламаса – кетсін.

Қытайына тайсын.

Жолы болсын! Жергілікті халықты сыйлауы керек еді.

Тайыңдар бұл жерден... жолдарың ашық... Қырғызстанда да жетістіре қоймас...

Қазақты силамағанды қуып жіберу керек жерімізден елімізден.Кетсін!

Қазірден елден кеткені жақсы.


«ЗҰЛЫМ ДИАСПОРАЛАРДЫ» ҚАЗАҚСТАННАН ҚУУ КЕРЕК.

Қазақ еместердің бәрін лақтырып тастау керек, сендерді бірінші ретте.


Негизи қуып жиберу керек барсын осылай.

Мен ұлтшыл емеспін, тек оларды түсінбеймін, қазақ қоғамына ызалы болып өмір сүргенше, барыңдар Қытайға барып бақытты өмір сүріңдер.

Төмендегі 5- және 6-сурет Facebook және Instagram әлеуметтік желісін қолданушы пікір көшбасшыларының қазақ және орыс тілдеріндегі посттарына жазылған комментарийлерде түйін сөздердің жиілігін визуал шолып көрсетеді және «бөтен» топ өкілдеріне қатысты дискурсив кемсітудің, қорлау мен жеккөрушіліктің коммуникатив процестерін суреттейді.



5-сурет: Facebook және Instagram әлеуметтік желісін пайдаланушы пікір көшбасшыларының қазақ тіліндегі жазбаларына жазылған комментарийлердің түйін сөздерін білдіретін сөздер бұлты.



6-сурет: Facebook және Instagram әлеуметтік желісін пайдаланушы пікір көшбасшыларының орыс тіліндегі жазбаларына жазылған комментарийлердің түйін сөздерін білдіретін сөздер бұлты.

Қорытынды

Бұл мақалада сыни дискурс-талдау негізінде Қазақстандағы электрондық БАҚ пен блогосферадағы араздық дискурсы талданды. Талдаудың негізгі мақсаты – «біз–олар» оппозициясын құрудың дискурсив стратегияларын және этникалық азшылықтарды кемсітудің коммуникатив процестерін сипаттау болды. Атап айтқанда, біз Қордай оқиғасы қалай сипатталатынын білгіміз келді.

Бұл зерттеу Қордай қақтығысы туралы посттар мен комментарийлерде кемсітудің әр түрлі коммуникатив процестерінің қауіптілігін анықтады. Деректер проблема туралы ұжымдық идеяны қалыптастыруда этникалық және ұлттық категориялар басым екенін көрсетті.

Дискурстың барлық формасында да кемсітуші коммуникация бар. Ең ашық қорлау мен жеккөру сипатындағы жазбаларға жазылған комментарийлерде, бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық мәтіндерінде жасырын түрде кездеседі. Сондай-ақ ресми БАҚ мәтіндері, пікір көшбасшыларының жазбалары және желі қолданушыларының комментарийлері арасындағы дискурсив стратегиялардың айырмашылықтары да табылды. Бұл үш түрлі жанрдың өшпенділік тілін қолдану деңгейі бойынша және «біз–олар» қарама-қайшылығының дискурсив құрылысындағы коммуникатив процестерді таңдауда айырмасы көрінеді.

Сөз еркіндігі – өз ойын ашық айтуға берілген іргелі құқық. Бірақ сонымен қатар желіден тыс жердегі зорлық-зомбылықтан бастап, интернеттегі ауызша қорлау мен жеккөрушілікке дейінгі кері пікірлер мен дискриминацияның кез келген түрі қоғам бірлігіне жойқын соққы болатын салдарға әкелуі мүмкін (Аван 2016). Этникалық азшылықтарға және басқа топтарға қатысты зорлық-зомбылық жеке-дара жүзеге аспайды, керісінше, адамның қадір-қасиетін түсіретін әлеуметтік сенім, әдет-ғұрып, образ, метафора мен стереотиптерді қалыпты ету нәтижесінде заңдастырылып, жүзеге асуы мүмкін, деп мәлімдейді Tsesis (2002).

Деструктив идеологиялар мен дегуманизация «қалыпты» жағдайға айналады: тыңдаушылардың дегуманизация мен деструктив идеологияға құлағы үйренеді. Себебі, медиада белгілі бір ақпараттың үнемі қайталануы ресми дискурста да,

күнделікті қарым-қатынаста да сіңісіп, әдеттегі өмірдің бір бөлшегіне айналып кетеді (Vollhardt et al. 2006: 25). Этносаралық проблемалардың алдын алу үшін өшпенділік пен дискурсив дискриминация тілінің әлеуметтік тұрақтылыққа тигізетін әсерін зерттеу және дұшпандық пен өшпенділік тілінің нақты салдары туралы хабардар болу қажет (Arcan 2013).

Ұсыныстар

Өшпенділік қоғамның біртұтастығын сақтауға, адам құқығын қорғауға және заңның үстемдігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Финляндия (Jäske et al. 2021), Словакия (Miskolci, Kovacova & Rigova 2020), Нигерия (Донор & Anyanwu 2019), Индонезия (Хартоно, Серегиг, & Wibowo 2021), Исландия (Palmadóttir & Kalenikova 2018) және басқа түрлі елде жасалған көптеген ұсыныс бір арнада тоғысады. Атап айтқанда, өшпенділік тілін қолдануға қарсы әрекеттер жеке көзқарастарды, идеяларды немесе саяси мүдделерді емес, адам мен әлеуметтік топтарды қорғауға қызмет етуі керек.

ECRI (нәсілшілдік пен төзбеушілікке қарсы еуропалық комиссия) өшпенділік тіліне тиімді қарсы тұру үшін қажет екенін айтады. Ол үшін:

- сөз бостандығының, төзімділіктің және әр адамның қадір-қасиетін тең құрметтеудің іргелі маңызын мойындау;
- жек көру себептерін анықтау және олардың себептерін жою; көбінесе жанжалдың негізгі факторы шешілмеген әлеуметтік-экономикалық себептер болып жатады;
- өшпенділік тіліне қарсы күреске көптеген адам мен ұйымды тарту керек.

ECRI плюрализмді құрметтеудің маңызы мен жеккөру тілінің қаупі туралы халықты хабардар етіп отыруды ұсынады. Ол үшін осы жеккөруші сөздер мен мәлімдемелердің жалғандығын дәйекті және жүйелі түрде әшкерелеп отыру қажет. Сондай-ақ бір жағынан теріс ақпаратпен, теріс стереотиптермен және белгілі

бір топтарды стигматтаумен күресу керек. Екінші жағынан, мұндай тіл қауіп төндіретін құндылықтарды енгізіп, нығайту қажет.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, үкіметтік емес, құқық қорғау ұйымдарының қолдауынсыз мемлекеттің өшпенділік тілімен және өшпенділіктің өзге де көріністерімен күресуі қиын. Сондықтан жеккөрушіліктің кез келген көрінісіне мониторинг жүргізетін және жауап беретін тәуелсіз сараптамалық ұйымдар желісін дамыту қажет. Сонымен қатар халықаралық тәжірибеде мемлекет өкілдері, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері және танымал азаматтар өшпенділік пен жеккөрушілік тілін қамтитын мәлімдемелерге жылдам жауап беріп, оларды ашық түрде айыптайды. Сөз бен пікір білдіру бостандығы құқығына қаяу түсірмей, өшпенділік пен өшпенділік тілін қолданғандарға азаматтық және әкімшілік жауапкершілікті түсіндіру қажет. Бұл жерде жеккөрушілікке толы жазба жариялайтын авторлар, интернет-провайдерлер, веб-форумдар мен хосттар, онлайн-делдалдар, әлеуметтік медиа платформалар, блог модераторлары және басқа да сондай азаматтардың нақты міндеттемелерін белгілеу өте маңызды.

Түрлі салмақтағы ойыншылардың тізе қосып әрекет етуі ғана өшпенділік тілінің өршуіне тосқауыл бола алады. Әрине, мұндай мәлімдемелер – күрделі әлеуметтік проблемалар мен конфликтілердің индикаторы. Жағдайды терең талдау қажет; жеккөрушіліктің бұдан былай жария болуының алдын алу шаралары жедел саяси пайда мен популизм үшін қабылданбай, ауыр эмпирикалық зерттеулерге негізделуі керек.

Әдебиеттер тізімі

- Awan, I. (2016). Islamophobia on social media: A qualitative analysis of the facebook's walls of hate. *International Journal of Cyber Criminology*, 10(1), 1–20. <https://doi.org/10.5281/zenodo.58517>
- Barnidge, M., Kim, B., Sherrill, L. A., Luknar, Žiga, & Zhang, J. (2019). Perceived exposure to and avoidance of hate speech in various communication settings. *Telematics and Informatics*, 44, 101263. <https://doi.org/10.1016/j.tele.2019.101263>
- Bastone, R. (1995). Grammar in discourse: Attitude and deniability. In G. Cook and B. Seidlhofer, (Eds.), *Principle and Practice in Applied Lin-*

guistics, 2(1), 97 – 213. Oxford: Oxford University Press.

- Benesch, S. (2014). Defining and diminishing hate speech. *State of the world's minorities and indigenous peoples*, 2014, 18-25.
- Brink, D.O. (2001). Millian principles, freedom of expression, and hate speech. *Legal Theory*, 7(2), 119-157.
- Cozien, C. (2015). *Racism under the linguistic microscope: a preliminary investigation into what the critical analysis of South African news media discourse can reveal about racial stereotyping, and the relationship between culture and language*. Cape Town: University of Cape Town.
- Dossou, K.M., Klein, G.B., & Ravenda, A.F. (2016). Our RADAR communication concept. In K. M. Dossou & G. B. Klein (2016). *RADAR Guidelines. Understanding hate-oriented communication and tools for anti-hate communication strategies in an intercultural dimension* (pp. 5-18). Deruta/Perugia: Key & Key Communications.
- European Commission against Racism and Intolerance. (2016). *ECRI General Policy Recommendation No. 15 on Combating Hate Speech*. Retrieved from <http://hudoc.ecri.coe.int/eng?i=REC-15-2016-015-ENG>.
- Fairclough, N. (2003). *Analysing discourse: Textual analysis for social research*. Psychology Press.
- Fairclough, N.L. & Wodak, R. (1997). Critical discourse analysis. In T. A. van Dijk (Ed.) *Discourse studies. A multidisciplinary introduction* (pp. 258-284). London: Sage.
- Gee, J.P. (2011). *An introduction to discourse analysis, theory and method*. (3rd Ed.). NewYork: Routledge.
- Hartono, Seregig, I.K., & Wibowo, B. (2021). Strategies in Countering Hoax and Hate Speech in Indonesia. *Sociological Jurisprudence Journal*, 4(2), 134–144. <https://doi.org/10.22225/scj.4.2.2021.134-144>.
- Jäske, M., Sormunen, H., Schauman, J., Weckman, A., Rapeli, L., & Sirén, R. (2021). *Citizens' Panel on the Freedom of Expression: Recommendations for measures to be taken in Finland to protect people in public professions from hate speech and to safeguard free expression of opinion*. Retrieved from https://julkaisut.valtioneuvosto.fi/bitstream/handle/10024/162966/Citizens_Panel_on_the_Freedom_of_Expression-Final_Report.pdf?sequence=1&isAllowed=y
- Johnson, M.N.P., & McLean, E. (2020). Discourse Analysis. In A. Kobayashi (Ed.), *International Encyclopedia of Human Geography* (pp. 377-383). Elsevier. <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-102295-5.10814-5>
- Klein, G.B. (2018). Applied Linguistics to Identify and Contrast Racist

- 'Hate Speech': Cases from the English and Italian Language. *Applied Linguistics Research Journal*, 2(3), 1-16.
- Miškolci, Kováčová, L., & Rigová, E. (2020). Countering Hate Speech on Facebook: The Case of the Roma Minority in Slovakia. *Social Science Computer Review*, 38(2), 128–146. <https://doi.org/10.1177/0894439318791786>
- Noriega, C., & Iribarren, F.J. (2011). Quantifying Hate Speech on Commercial Talk Radio. *A Pilot Study. CSRC Working Papers. November*, (1).
- Obiora, H.C., Aboh, S.C., & Dioka, B.O. (2021). Critical Discourse Analysis of Selected Nigerian Political Hate Speeches. *Journal of Language Teaching and Research*, 12(3), 494-500.
- Pálmadóttir, J.A., & Kalenikova, I. (2018). Hate speech: An overview and recommendations for combating it. *Icelandic Human Rights Centre*, 1-27.
- Parekh, B. (2006). Hate speech: Is there a case for banning? *Public Policy Research*, 12(4), 213–223. <https://doi.org/10.1111/j.1070-3535.2005.00405.x>
- Смагулова, Ж., Кучербаева, Д., Жумырова, А. (2017). Дискурсивное конструирование языковой идентичности в медиа: анализ языка вражды в казахстанской блогосфере. *Мониторинг языка вражды* (сост. Банников, П.). Алматы: MediaNet.
- Tripathi, R.C., Singh, P., SpringerLink, & LINK. (2016). *Perspectives on Violence and Othering in India* (1st ed. 2016.). New Delhi: Springer India: Imprint: Springer.
- Tsesis, A. (2002), *Destructive Messages: How Hate Speech Paves the Way for Harmful Social Movements*, New York University Press, New York.
- Udanor, & Anyanwu, C.C. (2019). Combating the challenges of social media hate speech in a polarized society. *Data Technologies and Applications*, 53(4), 501–527. <https://doi.org/10.1108/DTA-01-2019-0007>.
- Van Dijk, T.A. (Ed.). (1997). *Discourse as structure and process* (Vol. 1). Sage.
- Vollhardt et al. (2006). Deconstructing Hate Speech in the DRC: A Psychological Media Sensitization Campaign. *Journal of Hate Studies*, vol. 5, no. 1, pp. 15-35.
- Watanabe, H., Bouazizi, M., & Ohtsuki, T. (2018). Hate speech on twitter: A pragmatic approach to collect hateful and offensive expressions and perform hate speech detection. *IEEE access*, 6, 13825-13835.



Оразай Қыдырбаев

**«Үңгірдегі ұлтшылдық»
дискурсы өшпенділік тілі
ретінде: Facebook және
Instagram желілеріндегі
пікірлерге сыни дискурс
анализ**



Кazinform ақпарат агенттігінің «Открытый диалог–2.0» бағдарламасына 2021 жылдың 12 тамызында Президент әкімшілігі жетекшісінің орынбасары Дәурен Абаев сұхбат берді.¹ Абаевтың Қазақстандағы орыс тілінің жағдайы және Ресей саясаткерлерінің сынына қатысты журналист сауалына берген жауабы қоғамда қызу талқыға түсті.

Бұдан біраз уақыт бұрын Қазақстанда да, Ресейде де Қуат Ахметов бастамашы болған Til Maidanu қозғалысы үлкен резонанс тудырған еді. Қозғалыс белсенділері тіл рейдтерін ұйымдастырып, дүкендер мен мемлекеттік мекемелерге кіріп, сатушылардың қазақ тілін білу деңгейін тексеруді қолға алды. Сонымен бірге қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап етті. Рейдтің барлығы видеоға жазылып, YouTube желісіне салынған еді.

Өзін «тіл патрулі» деп таныстырып, қазақ тілінің жақтасы ретінде көрсететін тіл рейдіне қатысушылардың іс-әрекетін Абаев «үңгірдегі ұлтшылдық» (орыс тілінде «пещерный национализм» деп қолданған) деп сипаттады. Мұндай істерді қатаң айыптайтынын, ал құзырлы органдар осы оқиғаға құқықтық баға беретінін айтты.

Абаев мәлімдемесінде ешкімнің аты-жөнін атаған жоқ. Алайда желі қолданушылары бұл Til Maidanu қозғалысының әрекетіне қатысты деп түсінді. Кейінірек қозғалыс өкілі Қуат Ахметовтің үстінен іс қозғалып, ол шетелге бас сауғалады².

Қозғалыстың YouTube желісіндегі парақшасы қолданушылардың шағымына байланысты бұғатталды. Дәурен Абаевтың «үңгірдегі ұлтшылдық» сөзі әп-сәтте күннің басты тақырыбына айналып, желіде қызу талқыға түсті. Саясаткердің мәлімдемесі қоғамдағы тіл, ұлттық қауіпсіздік, постколониализм, ұлттық бірегейлік сияқты өзекті мәселелерді де қайта көтерді.

Біз бұл зерттеу жұмысында:

- Тұрақты тіркесте айналып кете барған Абаевтың «үңгірдегі ұлтшылдық» тіркесінің мәнін;
- Facebook және Instagram желілеріндегі танымал 20 автордың (10 қазақша, 10 орысша) Абаевтың мәлімдемесіне қатысты жазбаларын және сол жазбаларға қалдырылған танымал пікірлерді;

- Қазақстандағы танымал (әлеуметтік медиада оқырманы көп әрі аудиториясы белсенді) 10 онлайн басылымның және 10 Instagram пабликтің (5 қазақша, 5 орысша басылым-парақша) жазбалары мен ол жазбаларға қалдырылған пікірлерді сыни дискурс анализ әдісін пайдалана отырып талқыға саламыз.

Сыни теориядан бастау алатын сыни дискурс анализ әдісі медиадағы өшпенділік тілі, дискриминация, билікті асыра пайдалану секілді мәселелерді қарастырады. Хабермастың тұжырымымен айтар болсақ, сыни дискурс анализ әдіснамасын қолданатын зерттеуші өз қызығушылығын алға тарта отырып (яғни белгілі идеяны жақтай отырып), идеологиямен *ластанған* дискурстарды әшкерелеп, оның орнына *рационал* дискурстарды ұсынады. Осының нәтижесінде, масс-медиа арқылы жүзеге асатын коммуникация Хабермастың түсінігіндегі утопиялық билік қатынасы болып саналатын *идеал сөйлесу жағдаятына (ideal speech situation)* біртабан жақындайды³.

Сыни анализде билік қатынастары дискурспен тікелей байланысты қолданылады. Яғни сыни дискурс анализ дискурстағы билік пен дискурстың үстіндегі билікті зерттейді. Фэркло дискурсты «тілдің әлеуметтік тәжірибе ретінде қолданылуы» деп сипаттаған⁴. Біз зерттеу жұмысымызда дискурс ұғымын осы анықтама аясында қарастырмақпыз.

Сыни дискурс анализ билікті асыра пайдалану мен осыдан туындайтын әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздіктің қалай жасалатынын анықтайды. Ван Дейк «билікті асыра пайдалану» деп билік қатынастарының адамдарға зиян тигізуін, әлеуметтік әділетсіздікке апаруын сипаттаған⁵. Осы тұрғыдан алғанда, біз өшпенділік тілін дискурстық биліктің асыра пайдаланылуы деп те қарастыра аламыз, себебі өшпенділік тілінің көмегімен қоғамдағы кейбір топтар шеттетіліп, кемсітуге ұшырап жатады. Мұның салдарынан әлеуметтік әділетсіздік туады.

Француз постструктуралист ойшылы Ролан Барт мәтін дүниеге келген соң, оның авторы «өліп», ал мәтіннің өзі оқырман санасында тіршілік етуін жалғастыра беретінін айтады⁶. Ойшыл бұл жерде автордың шын мәнінде ажал құшатынын емес, бұдан былай мәтіннен мағына іздеу оқырманның еншісінде қалатынын жеткізген. Осылайша *автор-мәтін-оқырман* үштігінде автор емес, оқырман маңызды рөл атқарады.

Барттың осыған ұқсас идеялары кейінірек «Бирмингем мектебі» деген атаумен белгілі Британиядағы бір топ зерттеушінің көзқарасына ықпал етті. Әсіресе, Бирмингем мектебінің өкілі Стюарт Холлдың қабылдау анализі теориясы назар аударуға лайық. Бұл теория бойынша, әрбір хабарлама автордың идеологиялық ұстанымы, көзқарасы тұрғысынан кодталып, содан кейін оқырманға жіберіледі. Алайда оқырман бұл кодтарды автор көздеген идеологиялық ұстанымдар тұрғысынан емес, өзінің ұстанымы, күнделікті өмірдегі тәжірибесі, таным-білімі тұрғысынан түсінеді және әр оқырман хабарламаны түрліше қабылдайды⁷.

Зерттеу барысында біз осы теорияны басшылыққа ала отырып, Дәурен Абаевтың хабарламасын аудитория түрліше қабылдады деп топшылаймыз. Бұл мақалада Дәурен Абаевтың мәлімдемесін аудитория қалай қабылдағанына және қандай реакция білдіргеніне көбірек назар аударамыз. Дегенмен ең алдымен саясаткердің «үңгірдегі ұлтшылдық» сөзіне тоқтала кетуді жөн көрдік.

«Үңгірдегі ұлтшылдық» – саяси метафора әрі қорлау риторикасы ретінде

Дәурен Абаевтың «үңгірдегі ұлтшылдық» сөзін саяси метафора ретінде де, қорлау риторикасы ретінде де қарастыруға әбден болады. Алдымен саяси метафора ретінде қарастырып көрейік.

Саяси метафора деп саясаткерлердің аузынан немесе қаламынан шыққан ауыспалы мағынадағы түрлі теңеу-бейнелеу сөздерді, мәтінге көркемдік пен мағына қосатын түрлі әдеби әдістерді атап отырмыз. Бұл жерде саяси метафора – әдебиет теориясында кездесетін тар ауқымдағы метафора емес, әдебиет теориясындағы троптың бүкіл түрін қамтиды.

Абаевтың «үңгірдегі ұлтшылдығы» саяси метафора екені сөзсіз, себебі, саясаткер бұл риторика арқылы тура мағынасындағы үңгірді айтып тұрған жоқ, ауыспалы мағынасында пайдаланып, үңгірді сипаттайтын мағынаны беріп тұр.

Метафораны пайдалану – саяси көшбасшыларға «аз сөзбен көп ойды жеткізудің» тиімді тәсілі. Олар сол арқылы қоғамның

көңіл-күйіне әсер етеді, жаңа идеяларын ұсынады, сонымен бірге айтар ойына көпшіліктің назарын аударады⁸. Саяси метафоралар сөзді көркемдеп қана қоймай, саясаткердің идеологиялық ұстанымын, кіммен дос, кіммен жау екенін көрсетеді⁹.

Дәурен Абаевтың «үңгірдегі ұлтшылдық» туралы сөзі Ресей медиасы Қазақстандағы орыс тілінде сөйлейтін халықтың құқығы бұзылып жатқанын айтып, Қазақстан үкіметі бұған қарсы ешқандай шара қолданбай жатқаны жөнінде мәлімдеуімен тұспа-тұс келді. Басқаша айтсақ, мұны саясаткердің ұтқыр сөзі және Қазақстан аудиториясына қарата айтылған сөз ретінде емес, ең алдымен Ресей билігінің сыни пікіріне берілген жауап ретінде қарастыруға болады.

Бұл саяси метафораны қолдану мақсатына назар аударар болсақ, «үңгірдегі ұлтшылдық» сөзі саясаткердің мүддесі тұрғысынан ұтымды шықты: тіркес көпшіліктің есінде қалды, қоғамда кең талқыланды. Ең бастысы, Қазақстан билігінің тіл белсенділеріне қатысты ұстанымы әрі Ресей билігіне жария түрде жауап беру сияқты болып шықты.

Дәурен Абаевтың сөзінде кемсіту дискурсы бар ма дегенге келсек, иә, «үңгірдегі ұлтшылдық» тіркесі кемсіту риторикасына жатады. Бұл сөзден өшпенділік дискурсы байқалады деуге де негіз бар. Ол үшін «үңгір» сөзінің мағынасына мән беру жеткілікті. Әлбетте, Дәурен Абаев «үңгір» арқылы «жер астындағы немесе тау қатпарындағы қуыс» деген мағынаны білдіретін географиялық нысанды айтып тұрған жоқ, керісінше, осы географиялық нысанның сипаттамасы арқылы оның ауыспалы мағынасын жеткізіп тұр. Осы ауыспалы мағынаның көмегімен үңгірге тікелей қатысы жоқ объектілер (біздің жағдайда тіл белсенділері) туралы образ қалыптастыруға тырысады. Үңгір ұғымын метафора ретінде қолданатын адамдар әдетте оның мынадай сипаттарын есепке алады:

- **Үңгір – қараңғы жер** (ал қараңғылық шамамен барлық мәдениетте надандықтың, сауатсыздық пен жамандықтың белгісі. Демек, үңгірдегі адамдар – білімсіз адамдар);
- **Үңгірден сыртқы әлемнің толық көрінбеуі** (үңгірден сыртқа үңілгенде әлемнің шынайы көрінісін көре алмаймыз, үңгір аузындағы тар кеңістікті ғана көреміз). Сол сияқты адам да білімі мен тәжірибесі шектеулі болғандықтан, әлемдегі

оқиға-құбылыстарды толық бағамдай алмайды. Бұл туралы ертедегі ойшылдар Платонның¹⁰, Фрэнсис Бэконның¹¹ еңбектерінде айтылады. Осылайша, «үңгір» ұғымы философияда шындық пен жалғанның айырмашылығын, адамдардың ақиқатқа жете алмау себептерін түсіндірудің құралы ретінде пайдаланылған. Демек, үңгірдегі адамдар – білімі шектеулі және өзінікін ғана дұрыс көретін адамдар.

- **Үңгір – қарабайыр мәдениет өкілі саналатын ежелгі адамдардың мекені** (Демек, үңгірдегі адамдар – төменгі мәдениет өкілдері, тіпті олар саналы адам ретінде әлі жетілмеген жабайы тіршілік иелері. «Азаттық» радиосы Дәурен Абаевтың осы мәлімдемесіне қатысты алғашқы қазақша хабарламасында «үңгірдегі ұлтшылдық» (түпнұсқада – пещерный национализм) тіркесін «жабайы ұлтшылдық» деп түсіндірген¹². Бұл «үңгір» ұғымының бұқаралық мәдениетте «жабайылық» мағынасында қолданылатынына дәлел болса керек).

Жоғарыдағы үңгірге қатысты мағынаның барлығы жағымсыз сипатта. Олай болса, Дәурен Абаев «үңгірдегі ұлтшылдық» тіркесін пайдалану арқылы тіл рейдін ұйымдастырушылардың әрекетін дұрыс көрмейді және олар туралы жағымсыз образ қалыптастырғысы келеді. -

Сыни дискурстық зерттеулер медиада жалған ақпарат тарату (манипуляция, фрейминг, т.б. әдістер) билікті асыра пайдаланудың белгісі екенін көрсетеді¹³. Дәурен Абаевтың тіл белсенділеріне қатысты айтқан сөзі де біржақты әрі онда бір тарапты кінәлау байқалады.

Мысалы, ол мемлекет жүргізіп отырған тіл саясаты нәтиже бермегенін, жылдар бойы мемлекеттік тілді дамытуға бөлініп келген миллиардтаған қаржының мақсатсыз жұмсалғанын айналып өтіп, бұрынғы президент Н. Назарбаевтың 2011 жылғы жолдауында айтқан «2020 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың үлесі 95 пайыз болуы керек»¹⁴ деген міндеттемесі орындалмай қалғанын да жасырып қалған.

Біз бұл тұста Til Maidany қозғалысы өкілдерінің әрекетін дұрыс санамаймыз, сонымен бірге тіл белсенділерінің сынына ұшырап, тұтынушыларға қазақ тілінде қызмет көрсете алмаған азаматтардың мемлекеттік тілді білмеуін де ақтамаймыз. Оның орнына тіл

саясатын дұрыс бағытта атқара алмаған үкіметтің жауапкершілігін еске салғымыз келеді, өйткені соның нәтижесі көршілес мемлекеттің алаңдауын тудырып, даулы мәселеге алып келді.

Біз саяси элита мен қоғамдық пікір көшбасшыларының сөздерін көбірек сынға алып, тіл белсенділерінің хабарламасына аса назар аудармаймыз. Себебі, негізгі мақсатымыз – билік дискурстары қалай пайда болатынын және элита дискурсы өшпенділік тілінің тарауына қалай ықпал ететінін көрсету.

Til Maidany қозғалысының YouTube желісіндегі видеолары бұғатталғандықтан, зерттеу жүргізілген кезеңде біз оны қарай алмадық. Сондықтан оған анализ жасау мүмкін болмады. Алайда Til Maidany қозғалысы белсенділерінің іс-әрекеті мен сөзін зерттемесек, бұл олар жариялаған материалдарда өшпенділік тілі болмағанын білдірмейді.

Өшпенділік риторикасын қабылдау және жаңғырту

Зерттеудің келесі бөлігінде Дәурен Абаевтың сөзі қалай қабылданғанын және оған аудитория тарапынан қандай реакция болғанын, қандай өшпенділік риторикасы жасалғанын қарастырамыз. Әрине, Қазақстанның медиа кеңістігін тұтас қамту мүмкін емес, сондықтан ең танымал қазақстандық Facebook қолданушылары (10 қазақша, 10 орысша жазатын), Instagram желісінде хабар тарататын танымал парақшалар (5 қазақша және 5 орысша) және ең көп оқырманы бар онлайн басылымдар (5 қазақша және 5 орысша) іріктеліп алынды.

Бұл қолданушылардың, парақшалардың және онлайн басылымдардың 2021 жылдың тамыз-қыркүйек айларындағы Дәурен Абаевтың мәлімдемесіне, тіл белсенділеріне және Ресей саясаткерлері мен медиасы тарапынан болған қысымға қатысты жазбалары және ол жазбаларға қалдырылған пікірлер зерттелді.

Мониторинг барысында жоғарыдағы авторлар мен парақшалардың тіл рейдтері тақырыбына қатысты 36 жарияланымы (19

қазақша, 17 орысша) анықталды. Бұл жарияланымдардың ішінде:

- 17 жазбаны Facebook желісіндегі авторлар жазған (9 қазақша, 8 орысша);
- 12 жазба жаңалықтар веб-сайтына жарияланған (10 қазақша, 2 орысша);
- 7 жазба Instagram желісіндегі танымал ақпараттық парақшаларға жарияланған (барлығы орыс тілінде)

Осы жарияланымдардағы өшпенділік тіліне жататын тілдік қолданыстарды қарастырдық. Әлеуметтік медиадағы пікірлер ішінде жарияланым авторларына, саясаткер Дәурен Абаевқа, тіл белсендісі Қуат Ахметовке, ресейлік журналистерге қарата айтылған ғадауат сөздер көптеп кездесті. Дегенмен біз зерттеу ауқымын барынша нақтылау үшін бір адамға қаратыла айтылған, жеке басын қорлап кемсітетін өшпенділік сөздерін алмай, топқа немесе қауымдастыққа бағытталған өшпенділік сөздерін ғана таңдадық.

Өшпенділік тілі жиі кездесетін жазбалардың көпшілігі Instagram желісінде жазылды. Ал онлайн басылымдар өшпенділік тілін қолданған жоқ деуге болады. Дегенмен Abai.kz сайты жариялаған материалдарда (барлығы 9 жарияланым) жеккөрініш тудыратын және Ресей мен Қазақстан саясаткерлеріне қатысты жағымсыз әсер қалдыратын сөздер кездесті¹⁵. Мысалы, «Ресей Думасы тағы да тулап жатыр», «өз жерінде өгей тілде сөйлеп жүр». Ал 365info.kz сайтындағы мақалада автор Қуат Ахметовті «хайпожор нацик» деп сипаттаған¹⁶.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы басқа ұлтаралық жанжалдармен салыстырғанда (мысалы, Қордай оқиғасы), тіл рейдтеріне қатысты жазбаларда өшпенділік тілі азырақ байқалады. Әрі мониторинг жүргізілген уақыт аралығында пікір көшбасшылары мен пабликтер бұл тақырыпта ештеңе жазбаған. 9 автор, 4 парақша және 6 ақпараттық веб-сайт бұл тақырыпты айналып өтіпті. Біз мұның үқтимал себептерін былай деп топшылаймыз:

- Белсенділердің қатысуымен болған жанжалдар кезінде денеге зақым келтіру деректері тіркелмеген. Бұл қақтығыс қантө-

гіссіз өрбігенін көрсетеді әрі пікірталастың да «жұмсақ» өтуі себеп болуы мүмкін;

- Тіл мәселесі Қазақстан қоғамындағы өзекті әрі күрделі тақырып болғандықтан, авторлар мұны талқылаудан қашқан болуы ықтимал. Себебі, бұл тақырыпты талқылау кезінде бейтарап қалу қиын. Қандай да бір пікір білдірген жағдайда әлдебір ұстанымның немесе топтың жақтасына айналып, қарсылас жақтың ренішін тудырып алу қаупі бар;
- Бұл оқиға кезінде Ресей саясаткерлері мен баспасөзі тарапынан қатты қысым болды. Қазақстандық басылымдар мен авторлар агрессияны күшейтіп, отқа май құюдан қауіптенгендіктен, бұл тақырыпқа аса сақтықпен қарап, назар аудармауға тырысқан болуы мүмкін.

Зерттеу барысында өшпенділік тілінің нақты саны мен көлемін анықтай алмадық, өйткені жаңа жазбалар мен комментарийлер жарияланып отырады немесе авторлар жазбасын өшіріп тастайды. Мысалы, мониторинг кезінде көзге түскен Дина Елгезектің екі жазбасын мақаланы жазып жатқан уақытта таппай қалдық. Дина жазбасында біздің елімізде түрлі этнос өкілдері Forbes тізіміне енгенін және түрлі ұлт өкілі билік құрылымдарында алаңсыз жұмыс істеп жүргенін жазған болатын. Сонымен бірге Қазақстанда ұлтына байланысты кемсіту жоқ екенін, керісінше, Ассамблеяны қазақтар асырап отырғанын айтқан.

Қорыта келе, Дина «үңгірдегі ұлтшылдық» сөзіне де пікір білдірген. Бұл жазбаға Facebook желісінде 2000 пікір жазылып, 7,6 мың лайк басылып, 1,4 мың рет репост жасалған. Кейінірек Дина Елгезек бізге берген жауабында жазбаны өшіру себебін Дәурен Абаевқа бағытталған жағымсыз пікір тым көбейіп кетуімен, ал саясаткер ол сөзді Кремльге жауап ретінде еріксіз айтқанымен түсіндірді.

Тіл рейдтеріне қатысты оқиға тек тіл мәселесімен шектелмейді. Бұл тек қана қазақ тілінде қызмет көрсетуді талап ететін топ пен олардың бұл әрекетін ұлтаралық араздықты қоздыру деп есептейтін екінші бір топтың идеялық қақтығысы сияқты көрінеді. Бірақ осы оқиға барысында көптеген агрессив дискурстар жаңғырғанын байқаймыз. Оларды төрт түрлі топқа топтастыруға болады:

1. «Мәңгүрт» және «орысқұл» дискурсы

Қоғамда көп жылдан бері өмір сүріп келе жатқан бұл риторика көбіне Қазақстанның саяси билік өкілдеріне бағытталады. Кейде балаларын орыс мектебіне беретін Қазақстан азаматтары мен ана тілін білмейтін этникалық қазақтарға қарата айтылды. Бұл дискурс, әсіресе, Дәурен Абаевтың мәлімдемесін сынға алған жазбаларда көптеп кездеседі.

Әлеуметтік желі қолданушылары Қазақстан билігін қорқақ және сатқын деп айыптап, осы мынадай сөздермен жеткізді: «қорқақ», «сатқын», «орысқұл», «мәңгүрт», «кәнден ит» және т.б. Сонымен бірге «қамшымен сабау», «елден қуып шығу», «орыс тілінде сөйлейтін парламентті қуу» сияқты денеге зақым келтіру қажеттігін айтқан пікірлер болды.

2. «Рашист» және «шовинист» дискурсы

Бұл бағыттағы өшпенділік және жеккөру риторикасы Ресей медиасы мен саясаткерлеріне арналады. Көбіне Ресей тіл рейдтерін сынға алғаны жөніндегі жазбалардың астына кері реакция ретінде жазылды. Мұндай жазбаларда ресейліктерді және Ресей саяси элитасын «рашист» (*Russia+fascist*), «шовинист», «фашист», «шошқа» сөздерімен сипаттаса, Владимир Путинді Гитлерге ұқсатып «Путлер» деп атайды.

Осы бағыттағы пікірлерде ресейлік саясаткерлердің құрып кетуін және аузына құм құйылуын тілейтін ойлар кездесті. Әсіресе, Жанболат Мамай мен Айгүл Орынбектің жазбаларының астындағы пікірлерде мұндай идеялар жиі ұшырасатынын байқаймыз. Ал медиа хабарламаларда көбіне abai.kz сайтынан Ресейге қарсы риторика байқалды, бірақ ашық формадағы өшпенділік тілі болған жоқ.

3. «Мамбет», «нацик» және «хайпожор»

Өкінішке қарай, «мамбет» және «нацист» (көбіне мұның қысқартылған «нацик» нұсқасы қолданылады) деген сөздермен сипатталатын өшпенділік риторика да Қазақстан қоғамында біраз жылдан бері кездеседі. Кейде қазақы ортада туып-өскен, ауылдан шыққан этникалық қазақтарға қарата айтылады. Сонымен қатар қазақ тілінде қызмет көрсетілуін агрессиямен талап етіп, онысын

видеоға түсіретіндерге де бағытталады. «Үңгірдегі ұлтшылдық» оқиғасы кезінде мұндай адамдарға «хайпжорлар» деген тағы бір анықтама жапсырылды.

Бұған Дәурен Абаевтың Facebook желісіндегі «*мәселені байыппен емес, хайппен және лайкпен шешкісі келетіндерге қарсымын*» деген жазбасы себеп болған еді¹⁷. Осы тіркес арқылы саясаткер тіл белсенділерінің әрекетін арзан популизм ретінде көрсетуге тырысатыны байқалды.

Әлбетте, «хайпжор» сөзінің өзі өшпенділік тіліне жатпайды, бірақ тіл белсенділері туралы жағымсыз образ қалыптастыруға бұл дискурс жеткілікті еді. Осыған ұқсас дискурстық стратегия Аида Жексеннің жазбасында¹⁸ және орыс тілінде хабар тарататын Instagram пабликтерде, жаңалықтар сайтында байқалды. Бұл жазбаларда тіл белсенділері арандатушы ретінде сипатталып, олардың іс-әрекетін түсіндіретін сөздер тырнақшаға («») алынды¹⁹. Ал тырнақшаға алынған сөздер өз мағынасында емес, кекесін мағынасында пайдаланылады. Соның нәтижесінде оқырман мәтіннің мәнін дұрыс түсінбей қалуы мүмкін. Әсіресе Instagram желісінде тіл белсенділеріне деген жеккөрініш тудыратын сөздер көп кездесті.

Мысалы, «*Моңғолия немесе Қытайдан келіп, жұмыс істегісі келмейді және «контент» жасағысы келеді, «мұндай бетімен кеткендерді қолдай алмаймын...».*

Қуат Ахметовтың сырт келбеті үндіс тайпасының өкіліне ұқсайтынын айтқан комментарийлер де болды. Осылайша, бұл жанжал кезінде басқа бір өшпенділік риторикасы пайда болды. Дегенмен тіл белсенділеріне бағытталған өшпенділік тілі басқа топтарға бағытталған өшпенділік тіліне қарағанда азырақ әрі жұмсақтау болды.

«Ватниктер», «бесінші колонна» және «келімсектер»

Өшпенділік тілінің ең ауыр әрі ең көп бөлігі Қазақстанда өмір сүріп жатқан этникалық орыстар мен өзге де ұлт өкілдеріне арналды. Оларды «*ватниктер*», «*бесінші колонна*», «*келімсектер*»,

«отаршылар» деп айыптаған сөз тіркестері кездесті. Сонымен қатар зорлық-зомбылыққа шақыратын пікірлер көп жазылды.

Бұл топқа қатысты жиі айтылатын өшпенділік тілі мынадай:

1. Қазақстандағы орыс мектептерін жауып тастау;
2. Барлығын күштеп қазақ тілінде сөйлету;
3. Этникалық орыстарды Ресейге депортациялау.

Осылайша, тіл төңірегіндегі мәселе бірден ұлтаралық мәселеге ауысып, Қазақстандағы этникалық азшылық өкілдері өшпенділік тілінің нысанасына айналды.

«Караван» газетінің сайтында жарияланып, артынша бірден өшірілген шетелдік әскер Қазақстанға «тәртіп орнату» үшін кіргені туралы материал²⁰ мен ресейлік блогер Илья Варламовтың пікіріне²¹ көптеген жағымсыз комментарий жазылды («*Орыстарды ұнатпаймын*», «*орыстар мен үшін екінші сорт*», «*осыған дейін бір де бір жақсы орыс көрмедім*»).

Ресейлік урбанист әрі қоғам белсендісі Илья Варламов та қарап қалған жоқ. Блогер Telegram каналында: «Мен нациктерді жақсы көрмеймін. Қырғыз болсын, қазақ болсын, орыс болсын. Алайда мен орыстар қайда жүрсе де өзін қауіпсіз сезінгенін қалаймын, орысша сөйлегені үшін ғана оларға әлдекімдердің дікендегенін қаламаймын. Сонымен бірге қырғыздар да, қазақтар да, өзбектер де өз Отанында орыстар өзін қалай сезінсе, Ресейде бұлар да өзін тура солай сезінсе деймін. Өйткені Орта Азиядан әлдекім Ресейге келе қалса, әуежайдағы төлқұжат тексеріп отырған адамнан бастап оған екінші сортты адам ретінде қарайды. Орыс шекарашылары ашықтан-ашық дікендеп, дауыс көтереді, дөрекі сөйлейді. Оларға түкке тұрғысыз біреу деп қарайды», – деп жазды. Ильяның жазбасы жағымды болғанымен, бұл ресейліктер мен жергілікті орыстарға қарата айтылған жағымсыз комментарийлер тасқынын азайта алған жоқ.

Қорытынды және ұсыныстар

Заманымыздың көрнекті ойшылдарының бірі Юрген Хабермас ақпараттық технологиялардың көз ілеспес жылдамдықпен дамуын және адамзат баласының оны дұрыс және этикаға сай қолдануды меңгеру қарқынының оған ілесе алмай келе жатқанын бір сұхбатында былайша сипаттайды:



«Әркімді әлеуетті оқырманға айналдыратын басылым пайда болғаннан бастап, бүкіл халық оқи алатын жағдайға жетуі үшін ғасырлар керек болды. Ал интернет барлығымызды ондаған жылдың ішінде-ақ әлеуетті авторға айналдырды»²².

Әлеуметтік желілер қоғамның поляризациялануына, фейк жаңалықтардың жаппай таралуына, қастандық теориялары мен өшпенділік тілінің кең қанат жаюына мүмкіндік беріп, бұл мәселелер әлеуметтанушылар мен медиа зерттеушілерінің зерттеу нысанына әрі бас ауруына айналды. Өшпенділік тілінің кері салдарының бірі – дұшпандық риторикасына жауап ретінде басқа формадағы екінші бір өшпенділік риторикасы туады.

Осылайша, пайда болған өшпенділік тілі жоқ болып кетпейді, керісінше, өзге де жеккөру риторикасын айналымға енгізіп, қоғамдық кеңістікте өмір сүруін жалғастыра береді. Дәурен Абаевтың «үңгірдегі ұлтшылдық» сөзі осы сөзімізге мысал бола алады.

Қоғамда саяси поляризацияның күшеюі, ақпараттық вакуум (мысалы, әлеуметтік медиа алгоритмдерінің пайдаланушыға ұнайтын тақырыпты ғана ұсынуы) – постшындық кезеңіне тән сипаттар²³. Тіл рейдтеріне қатысты оқиғаларды зерттеу барысында аудиторияның бірнеше топқа бөлініп, қарсы тарапқа өшпенділік риторикасын жаудыруына кәу болдық. Мұндай жағдайда медиа және медианың күн тәртібін қалыптастырушы тұлғалар, саяси элита өкілдері аудиторияны бөлумен емес, біріктірумен айналысуы қажет.

Қазақстан билігі мен саясаткерлерге ұсыныс

1. Аудиторияны бөлумен емес, біріктірумен айналысу

Қазақстан билігі жылдар бойы елдегі қазақ және орыс тілдерінде сөйлейтін аудиторияға екі түрлі дискурс ұсынып, екі тарапқа да ұнайтын сөздер айтып, екі тараптың ризашылығына бөленіп келген болатын. Мысалы, қазақ тілінде сөйлейтін аудиторияға – мемлекеттік тілдің маңызын, орыс тіліндегі аудиторияға ресми тілдің рөлін түсіндірумен болды. Мұндай әдіс қоғам тұрақтылығын қысқа мерзімде қамтамасыз еткенімен, ұзақ уақыт өлшемінде зиянын тигізуі мүмкін²⁴.

Осындай тәсіл қоғамдағы поляризацияны жоймайды, керісінше, күшейте түседі. Біз зерттеген оқиға кезінде де саяси билік екі тілде екі түрлі хабар таратты: Дәурен Абаевтың тіл белсенділерін айыптайтын сұхбаты орыс тілінде жарияланса, артынша мемлекеттік тілдің дамуын қолдайтын жазбасы қазақ тілінде жарық көрді. Қазақстан саяси билігі мәселені жасыруға немесе екі тарапқа да ұнауға тырыспай, барлық тарапқа ортақ әрі бейбіт тілде үн қатудың жолын іздегені жөн.

2. Мәлімдемені сақтықпен жасап, ешкімді кемсітпейтін сөз қолдану

Теун ван Дейк қоғамдағы элита (оның ішінде саяси элита да бар) ксенофоб риториканың туында маңызды рөл атқаратынын айтады. Бұл элита өкілдерінің ксенофобияға немесе дұшпандыққа бейім екенін білдірмейді, одан гөрі олардың ерекше артықшылығы бар екенін аңғартады. Элита өкілдерінің әрбір сөзі бірден бұқаралық медианың назарын аударады.

Ал медиа алаңы қарапайым азаматтармен салыстырғанда, элитаға көбірек қолжетімді: ойындағы идеяны ашық баспасөз мәслихаты, ток-шоулар, сұхбаттар арқылы көпшілік аудиторияға жеткізе алады және ақпарат өндірісіне бақылау жасай алады²⁵. Қазақстан мен Ресейдің саясаткерлері мен танымал тұлғалары дискурстарды өндіру және таратуда маңызды рөл атқарады.

Ресей саясаткерлерінің мәлімдемесі мен Қазақстан билігінің Дәурен Абаев арқылы берген жауабы қоғамның қатты қарсылығына тап болды және билік өкілдеріне, орыс тілінде сөйлейтін азаматтарға, этникалық орыстарға қарсы өшпенділік тілін тудырды.

Осылайша, саясаткерлердің жеккөру риторикасы басқа да өшпенділік риторикаларының тууына жол ашты. Олай болса, саясаткерлер және медиа кеңістікте ықпалды тұлғалар қандай да бір мәлімдемені асқан сақтықпен жасағаны жөн. Мұндай тұлғалардың кішігірім өшпенділік риторикасы үлкен өшпенділік тіліне айналып кете алады.

Ақпарат өндірушілеріне және аудиторияға ұсыныстар

Ақпарат өндірушілер дегенде әлеуметтік медиа қолданушылардың барлығын, танымал авторларды, журналистер мен парақша әкімшілерін (админ) айтып отырмыз.

1. *Жазбада ешқашан өшпенділік тілін қолданбау;*
2. *Жариялаған ақпараттың өшпенділік тілі мен стереотип қалыптастыруына жол бермеу, оқырманды бейбіт пікір алмасуға шақыру;*
3. *Жазба астындағы пікірлерге модерация жасап, өшпенділік тілін жойып отыру.*
4. *Саясаткерлер мен жазба авторлары түрлі мүддені көздейтінін ұмытпау, олардың мәлімдемесіне сыни тұрғыдан қарай алу;*
5. *Өшпенділік тілін байқаған жағдайда жазбаға шағым жолдау, мұндай пікірдің зияны туралы түсіндіру.*

Зерттеуімізде өшпенділік тілімен күрес шаралары әлсіз болғанын аңғардық. Көп автор өшпенділік тілін қамтитын пікірлерге қарсы ешқандай шара қолданбаған, модерация жасамаған. Осылайша, салыстырмалы түрде бейбіт сарында жазылған хабарламалардың өзі де өшпенділік, дұшпандық мазмұндағы пікірлердің ұясына

айналған. Бұл – авторлардың қоғам алдындағы жауапкершілікті түсінбегенін немесе өшпенділік тілі дегеннің не екенін білмейтінін көрсетеді. Одан да сорақысы, авторлардың өшпенділік тілін қолдайтынын білдіреді.

Жеккөру мен стереотиптер ойдың асқынған экстремал формасы жеккөру қылмысына (hate crimes) әкеп соғатын болса, қоғамдық және саяси дискурстар белгілі бір топ топ мүшелерін құнсыздандыруы мүмкін²⁶. Өшпенділік тілін қоғамның әлдебір топтары жайлы таптаурын ойлары және ол таптаурын ойлардың таралуы деп қарастырар болсақ, мұның соңы жеккөрушілікке негізделген қылмыстық оқиғамен аяқталуы ықтимал. Сондықтан өшпенділік тілінің кез келген түрімен (тіпті ол ең әлсіз дискурс деңгейінде болса да) күресіп, тіл мен коммуникацияны әлеуметтік әділетсіздікке апаратын дискурстардан тазартуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

- ¹ <https://youtu.be/l2cjhnEmiv4>
- ² <https://www.azattyq.org/a/31436498.html>
- ³ Тичер, С., Мейер, М., Водак, Р., & Веттер, Е. (2009). Методы анализа текста и дискурса. Харьков: Гуманитарный центр, 5. 196-бет
- ⁴ Тичер, С., Мейер, М., Водак, Р., & Веттер, Е. (2009). Методы анализа текста и дискурса. Харьков: Гуманитарный центр, 5. 201-бет
- ⁵ ван Дейк, Т. (2013). Дискурс и власть. Репрезентация доминирования в языке и коммуникации. М. 36-бет
- ⁶ Barthes, R. (2001). The death of the author. Contributions in Philosophy, 83, 3-8.
- ⁷ Hall, S. (2001). Encoding/decoding. Media and cultural studies: Keywords, 2
- ⁸ Будаев, Э. В., Чудинов, А. П. (2006). Метафора в политическом интердискурсе. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Уральский государственный педагогический университет». 5-бет
- ⁹ Будаев, Э. В., Чудинов, А. П. (2006). Метафора в политическом интердискурсе. Федеральное государственное бюджетное

образовательное учреждение высшего профессионального образования «Уральский государственный педагогический университет». 93-бет

- 10 Государство / Платон [пер. с древнегр. А.Н. Егунова]. Москва, Издательство АСТ (2018) 283-287 беттер
- 11 Спирова Э. М. «Идолы сознания на пути к пониманию.» Знание. Понимание. Умение 1 (2006)
- 12 <https://www.azattyq.org/a/31408307.html>
- 13 ван Дейк, Т. (2013). Дискурс и власть. Репрезентация доминирования в языке и коммуникации. М. 36-бет
- 14 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100002011>
- 15 <https://abai.kz/post/137828>
- 16 <https://365info.kz/2021/08/fejki-ot-lenty-ru-kak-rossiyan-pugayut-kazahstanom>
- 17 https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=1325814267837295&id=100012262025729
- 18 <https://www.facebook.com/aida.jexen/posts/4143854982377864>
- 19 https://www.instagram.com/p/CTZVAs-ATog/?utm_source=ig_web_copy_link
- 20 <https://www.facebook.com/murataben/posts/10222919766437591>
- 21 https://www.instagram.com/p/CSgjsbltcp/?utm_source=ig_web_copy_link
- 22 https://english.elpais.com/elpais/2018/05/07/inenglish/1525683618_145760.html
- 23 Lewandowsky, S., Ecker, U. K., & Cook, J. (2017). Beyond misinformation: Understanding and coping with the “post-truth” era. *Journal of applied research in memory and cognition*, 6(4), 353-369.
- 24 Kudaibergenova, D. T. (2019). Compartmentalized Ideology: Presidential Addresses and Legitimation in Kazakhstan. In *Theorizing Central Asian Politics* (pp. 145-166). Palgrave Macmillan, Cham.
- 25 ван Дейк, Т. (2013). Дискурс и власть. Репрезентация доминирования в языке и коммуникации. М. 134-бет
- 26 <https://www.apa.org/advocacy/interpersonal-violence/hate-crimes>

Қорытынды

Өшпенділік тілі (hate speech) кез келген қоғамда, кез келген елде болған және бола береді. Адамдар үнемі мүдде, сенім және құндылықтар негізінде, сондай-ақ біреуге немесе бір нәрсеге қарсы болған кезде бірігеді. Керісінше, егер бұл мүдделер немесе сенімдер қайшылыққа тап болса, олар ажырайды.

Қазіргі заман көбінесе пост-ақиқат кезеңі деп аталады, онда ақпарат ағыны шындық пен фактілерге қарамастан, аудиторияның сенімі мен эмоциясының әсерінен жасалады, солай жарияланады және қабылданады. Осыған байланысты фейктер мен басқа да жалған ақпараттар қоғамдық пікірді басқарудың тиімді құралына айналады.

Юваль Ной Харари және басқа да зерттеушілер адамзат әрқашан пост-ақиқат жағдайында өмір сүргеніне сенімді. Өйткені ол әрдайым мифтерге бейім. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер үстемдік құрып тұрған кезде кез келген ақпарат, соның ішінде жалған ақпаратты жасап шығаруға мүмкіндік мол деп айтуға болады.

Сонымен қатар әлеуметтік желілердің алгоритмі қоғамдағы поляризацияны күшейтетіні белгілі, өйткені олар мазмұнды мүдделерге сәйкес қалыптастырады. Алайда әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді қоғамдағы бөлінушіліктің артуына кінәлі ету мүлде орынсыз. Біріншіден, ксенофобия, өшпенділік тілі, жалған ақпарат, қорқыту және алаяқтық сияқты құбылыстар әрқашан болған. Екіншіден, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер барлық жерде бар болғанымен, әлемде бұл құбылыстардың өсуі өте аз елдерде бар.

Өшпенділік тілінің өршуінің негізгі себептері – көбінесе әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ құқықтық нигилизм, сауат деңгейінің төмендігі, оның ішінде медиа, сыбайлас жемқорлық, биліктің реакция білдірмеуі (реактивтілік, проблемаларға үн қатпау және т. б.), мемлекеттік институттардың тиімсіздігі, білім беру жүйесі және т.б. да бар.

Этносаралық қақтығыстарға байланысты резонансты жағдайларды (Қордай оқиғасы және тіл сақшылары) талдау үшін MediaNet халықаралық журналистика орталығы әлеуметтік желілерге осы оқиғаларды аудиторияның қабылдауы бойынша мониторинг жүргізді. Алынған нәтижелер әр түрлі саладағы зерттеушілердің, сарапшылардың төрт тобына ұсынылды.

Нәтижесінде сарапшылар пікір көшбасшыларының посттарындағы, БАҚ материалдарындағы, желі қолданушыларының өшпенділік тілімен жазылған комментарийлеріндегі өшпенділік мониторингінің нәтижесін талдауға және түсіндіруге тырысты.

Үш мақала Қазақстанның қазіргі тарихындағы аса қайғылы оқиға – Қордай деп аталатын оқиғаны hate speech талдауға арналған. Бір мақала кең және тіпті халықаралық резонанс тудырған кейс – «тіл сақшыларын» қамтиды.

Сарапшылар түрлі тұжырымға келіп, өз тарапынан мемлекеттік органдарға өшпенділік тілінің ушығуы және, ең бастысы, Қазақстандағы этносаралық қақтығыстардың алдын алу проблемасының шешімдерін әзірлеу үшін пайдалы болуы мүмкін бірқатар ұсыныс беріп отыр.

Сарапшылардың ойынша, маңызды әрі өте қауіпті үрдістің бірі – зорлық-зомбылықты ақтау. Серік Бейсембаев пен Дәмеш Сатованың айтуынша, бұл ақтау зорлық-зомбылық құрбандарын жиі айыптау, кек алу, қиратуларға қатысушыларды қаһарман етіп көрсету арқылы тұжырымдалған.

Айтпақшы, мониторинг барысында дәл осы жағдай қиындық туғызды. Комментарий жазушылардың «Батырлар!» немесе «Мықтысындар!» деген мағынадағы жай ғана сөздерінің өзі қанды оқиғалар кезінде мүлде өзгеше күйге еніп, қатаң тілде араздық қоздыруға айналып кетеді. Себебі, ол зорлық-зомбылықты, тіпті кісі өлтіруді ақтап қана қоймай, кейде соған итермелеуі де мүмкін.

Зерттеу авторлары Қордай кейсінде зорлық-зомбылықты ақтау үшін қолданылатын қауіпті/өшпенділік риториканың барлық негізгі 5 элементі де бар екенін атап өтті:

- Дегуманизация (Dehumanization) немесе адамдықтан айыру;
- Қарсы айыптау (Accusation in a mirror);
- Топтық адалдыққа күмән келтіру (Questioning in-group loyalty);
- Топтың тұтастығына немесе тазалығына қауіп төндіру (Threat to Group Integrity or Purity);
- Әйелдер мен қыз балаларға шабуыл туралы мәлімдеме (Assertion of Attack Against Women and Girls).

Авторлардың пікірінше, бұл риторикалық әдістер шабуылдаушы топты моральдық нормалардан аулақ етеді. Оларды қауіпті жау бейнесінде көрсетеді, сонымен қатар ұлтына қарай қысым көрсетуге қарсы болғандардың аузын жабуға тырысады. Осылайша, өзін тараптарының бірі ретінде ретінде көрсететін адамдар үшін жасалған немесе жасалуы мүмкін зорлық-зомбылық ұтымды және тіпті мәжбүрлі әрекетке айналады.

Ксения Кряквина комментатордың көпшілігі: «Билік институттарының қазіргі жұмысы тиімсіз. Бұл жағдайдан шығу жолы – мемлекет құраушы ұлттың басқаларға қарағанда үстем билігін қамтамасыз ететін дискриминация институттарын құру керек», – деген пікірде екенін атап өтті.

Сонымен бірге сарапшылар аудиторияның бір бөлігінде титул ұлты қорғай алмайтын және әділ сот ісін қамтамасыз ете алмайтын билікке қатысты айқын сенімсіздік пен күмән бар екенін көреді. Осыған байланысты билікке бағынбау мен кек алуға шақыратын көптеген үндеу жазылды.

«Осы скептицизмнің негізінде комментарийлер көбінесе заңсыз жолмен «әділеттілік орнатуға», сондай-ақ «титул ұлт құқықтарының басқаларға қарағанда айқын үстем болуын қамтамасыз ететін эксклюзив қоғам құруға» шақырады», – деп қорытындылады Ксения Кряквина.

«Этникалық азшылықтарға зорлық-зомбылық көрсетіп, кемсіту әрекеттерін ақтау тенденциясы байқалады. Бұл – пікір жазушы-

лардың әділетті түрде тәртіп орнатуға қабілетсіз үкіметке деген сенімінің кемуінен туындаған», – дейді сарапшы.

Пікірлер ішінде арандату бағытындағы қастандық теориялары мен жалған ақпарат белсенді түрде таралғанын байқауға болады. Мәселен, Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұлдың сөзі қақтығыс кезінде халық арасында кеңінен таралғаны өкінішті.

Джонатан Майнардқа сілтеме жасай отырып, авторлар этникалық тұрғыдан шығатын зорлық-зомбылықтың идеологиялық негіздері туралы өте маңызды тезисті атап өтті: «Өте өзекті әлеуметтік, экономикалық және саяси қайшылықтар адамдар арасында этникалық қақтығыстар туу қаупін арттыруы мүмкін. Алайда жаппай зорлық-зомбылықтың маңызды алғышарты – адамдардың аз халыққа қарсы дұшпандық, зорлық-зомбылық әрекеттерге барып, тіпті оны ақтап алуға деген сенімі».

Жанжалды шешуге және қақтығысушы тараптар арасында диалог орнатуға тырысып, үкіметтің әрекетін сипаттайтын посттар астында биліктің жанжалды әділ шешу қабілетіне қатысты скептицизм/цинизмге толы комментарийлер жазылған. Тіпті биліктің сыбайлас жемқорлығы туралы айып та бар.

Жұлдыз Смағұлова мен Дина Көшербаева: «Қордай қақтығысы туралы посттар мен комментарийлерде түрлі коммуникатив үдерістердің болуы қауіпті», – деп атап өтті. Сарапшылардың пікірінше, пікір көшбасшылары «мәлімдемелерін өте ұқыпты жариялап, қатаң өшпенділік тілінен аулақ болуға тырысады, бірақ поляризация процесі де байқалады».

«Деструктив идеологиялар мен адамгершілікке жатпайтын идеология» «нормаға» айналуға: тыңдаушылар адамгершілікке жатпайтын және деструктив идеологияға құлақ үйретеді, өйткені бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми дискуста және күнделікті қарым-қатынаста белгілі бір хабарламалар үнемі қайталанып, күнделікті өмірдің қалыпты бөлігіне айналуға, – деп қорытындылады сарапшылар.

Зерттеу авторлары үкіметтік емес ұйымдар мен құқық қорғау органдарының қолдауынсыз мемлекеттің өшпенділік тілімен және басқа да өшпенділік көріністерімен күресуі қиын екенін көрсететін халықаралық тәжірибені еске салады.

Елді шулатқан «тіл сақшылары» төңірегіндегі дискурсты талдаған Оразай Қыдырбаевтың алдында өте қиын міндет тұрды.

Автор жанжалдасушы екі тараптан шыққан өшпенділік тілін, оның ішінде орыстілділер мен рейдті айыптаушыларды қоса зерттеді. Президент әкімшілігі басшысының орынбасары Дәурен Абаевтың «үңгір ұлтшылдығы» деген сөзін мысалға келтіре отырып, сарапшы: «Өшпенділік тілі «жоғалмайды», бірақ жаңа жауап толқынын тудырады», – деп атап өтті.

Қазақ және орыстілді аудитория үшін екі түрлі етіп айтылған Абаев сөздерінің арасындағы айырмашылықты мысалға келтіре отырып, сарапшы: «Қазақстандық саяси билік екі тараптың сұрақтарына жалпы және бейбіт тілде жауап беру жолдарын іздеуі керек, бұл ретте проблемаларды жасырмау және екі тарапқа да жағуға тырыспау маңызды», – дейді.

Сарапшылар Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты институттың рөлін әркім әрқалай көретінін айтады. Біреулер оған үміт артады, біреу оның тиімділігіне күмән келтіреді. Этносаралық қақтығыстар мен қарама-қайшылықтардың себебі де әр түрлі, соның ішінде терең, жүйелісі болуы мүмкін. Дегенмен авторлар ұсынған ұсыныстардың бір бөлігін қайталау, сонымен қатар зерттеуді ұйымдастырушылардың атынан кейбір ұсыныстарды қосу қажет деп санаймыз.

Зерттеуде сарапшылар тарапынан айтылған өте маңызды ұсыныстардың ішінде бірнешеуін атап өтсек:

- Білім беру институттарында қалыптасқан тәжірибені, салт-дәстүрлерді және мифтік білімді зерттеу және қайта қарау өте маңызды, олар этникалық негізде «өзіміз» және «өзгелер» болып бөлінуге негіз болады;
- Қоғамдық кеңістікте кездесетін этникалық белгілер бойынша дұшпандық риториканы жүйелі түрде бақылау және талдау ғылыми және аналитикалық жарияланымдардың негізіне айналып, нәтижесі азаматтар мен сарапшылар қауымдастығы арасында талқылауға қолжетімді болуы керек. Бұл пікірталасқа этникалық белгілері бойынша дұшпандық идеологияны өздері тарататын көшбасшылардың пікірін тарту өте маңызды;

- Жеккөрушіліктің кез келген көрінісіне мониторинг жасайтын және жауап беретін тәуелсіз сараптамалық ұйымдар желісін дамыту керек;
- Мемлекет өкілдері, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері және елге танымал азаматтар дұшпандық пен өшпенділік тілін қамтитын мәлімдемелерге тез арада ден қойып, оларды көпшілік алдында айыптауы керек;
- Сөз бен пікір білдіру бостандығына деген құқын шектемес-тен, дұшпандық пен өшпенділік тілін пайдаланғаны үшін азаматтық және әкімшілік жауапкершілік бар екенін түсіндіру қажет;
- Балалар мен жастарға арнап азаматтық қоғамда инклюзив, плюрализм құндылығын арттыратын және адамдарды этникалық және нәсілдік белгілері бойынша қабылдау атмосферасын қалыптастыратын жобалар жасау;
- Этникалық қақтығыстардың алдын алу саясатын нарративтермен жұмыс істеуге, оларды деконструкциялауға және Қазақстандағы азаматтық бірегейлікті нығайтудың балама пайымын жасауға қайта бағдарлау;
- Түрлі этникалық топ, жас санаты мен жұмыспен қамту саласы өкілдерін қамтитын сауалнамалар жүргізу, оның барысында халықты мазалайтын өзекті мәселелер туралы сұрап білу. Жағдайды шешу және жанжалдың алдын алу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мониторинг есептерін ұсыну керек.

Өз тарапымыздан біз тағы бірнеше ұсыныс қосамыз:

- Мұндай қақтығыстардың (тығыз орналасқан диаспоралар бар өңірлерде), алғышарттардың, қақтығысушы факторлардың шығуын болжау мақсатында тәуелсіз сарапшылардың күшімен талдау жасап, тиісті алдын алу шешімдерін әзірлеу;
- Агрессиялы лексиканың нақты ережелерін/шекарасын, заңдық критерийлерін жариялау және насихаттау. Конфликт

кезінде үнсіз қалмай, сындарлы талқылау мен өркениетті шешімдер іздеуді ұйымдастыру;

- Қоғам шешімдердің ашықтығы мен әділдігін көріп, түсінуі үшін, осындай қақтығыстарды тергеп-тексеру үшін тәуелсіз комиссиялар құру;
- Қоғамдағы ұлтына немесе тіліне қарап дискриминацияға шақырудың жиілеп кетуін ескере отырып, білім беру жүйесіне ксенофобияға, өшпенділік тіліне, кемсітушілікке жол бермеуді түсіндіруді қамтитын «Медиа және ақпараттық сауат» курсы енгізу;
- Немесе қолда бар пәндерді ксенофобия және өшпенділік тілі туралы, барлық азаматтың теңдігі туралы және этникалық топ немесе ұлттар үшін артықшылықтар талап етудің заңсыз сипаты туралы тиісті тараулармен толықтыру;
- Үкіметтік емес, тәуелсіз аналитикалық, әлеуметтану бағытындағы ұйымдармен ынтымақтаса отырып, қазіргі болып жатқан және пайда болуы мүмкін қақтығыстарға қарсы шараларды мектеп және ЖОО бағдарламасында ұдайы бейімдеп отыру;
- Резонанс тудырған оқиғаларды түсіндіруге және талқылауға көмектесетін сарапшыларды шақыра отырып, білім беру жүйесіне электив курстар енгізу;
- Осындай жағдайлардың шешімін табу үшін шетелдік ең жақсы тәжірибені зерттеу;
- Мемлекеттік ақпараттық саясатты, оның тиімділігін, аудиторияның контентті қабылдауын тәуелсіз ұйымдар талдауы керек.

Қорытындылай келе, біздің авторларымыздың бірі айтқан қарапайым, бірақ өте маңызды ойды қайталаймыз – билік пен элита сөзі мен іс-әрекетіне мүмкіндігінше мұқият болуы керек. Сондай-ақ адамдарды бөліп-жармай, керісінше, біріктіре білуге тиіс.

Қоғамға өшпенділік тілі деген не екенін, өшпенділік тіліне не жататынын және оны неге қолдануға болмайтынын түсіндіру маңызды.

Осы зерттеуді ұйымдастырушылар бұл – Қазақстандағы проблемаларды түсіну мен түйсінудің, сондай-ақ, әрине, осы проблемаларды шешудің пайдалы құралы болатынына сенім білдіреді.

*Әділ Джалилов
MediaNet Халықаралық
журналистика
орталығының директоры*

Зерттеу аясында жүргізілген мониторинг әдістемесі

Зерттеу үшін Facebook, Instagram желілері және жаңалық тарататын сайттар таңдалды. Оған комментарий жазушылардың әлеуметтік және саяси тақырыптар жарияланған кездегі аса зор белсенділігі себеп болды. Сонымен қатар Youtube секілді платформаларға қарағанда, жоғарыда аталған әлеуметтік желілер боттардың комментарий жазуына мүмкіндік бере бермейді.

Мониторинг жүргізу үшін нақты бір пікір көшбасшысы мен инфлюенсерлер, сондай-ақ парақшаларды таңдау барысында бұл адамдардың әлеуметтік және саяси, сондай-ақ аса шетін тақырыптар жайлы жазудағы белсенділігі, жазылушылары мен комментарий жазушылар саны, олардың да белсенділігін ескердік. Мониторинг үшін алдын ала таңдалған бірқатар пікір көшбасшысы әр түрлі себеп бойынша тізімнен шығарылды. Соның ішінде өшпенділік тілінде жазылған комментарий болмауы немесе аз болуы да назарға алынды.

Осы критерийлерді ескере отырып, медиа-мониторингтің әр тобы үшін бірнеше тізім жасалды. Олар – пікір көшбасшылары, жаңалық тарататын Instagram парақшалары, онлайн БАҚ. Мониторинг орыс және қазақ тілдеріндегі медиа бойынша жүргізілгендіктен, екі тізім жасалды. Біріншісіне – пікір көшбасшылары, Instagram желісіндегі жаңалық парақшалары, негізінен орыс тілінде жазатын онлайн БАҚ, ал екінші тізімге қазақ тілінде жазатын БАҚ кірді. Кейбір пікір көшбасшылары қазақ және орыс тілдерінде қатар жазып жатты, сондықтан олар тиісінше екі тізімде де бар. Әр тізім алфавиттік ретпен берілген.

Пікір көшбасшылары (орыс тілінде жазатын медиа сегменті):

1. Аида Джексен
2. Айжан Хамит
3. Арман Шораев
4. Газиз Тортбаев
5. Гульнар Бажкенова

6. Жанна Ильичёва
7. Марғұлан Сейсембай
8. Мұрат Әбенев
9. Мұхтар Тайжан

Пікір көшбасшылары (қазақ тілінде жазатын медиа сегменті):

1. Айгүл Орынбек
2. Балғынбек Имаш
3. Дәурен Абаев
4. Дина Елгезек
5. Жанболат Мамай
6. Қайрат Жолдыбайұлы
7. Мұхамеджан Тазабек
8. Мұхтар Тайжан
9. Серік Абас-Шах
10. Серікжан Біләш

**Жаңалық тарататын Instagram парақшалар (орыс тілінде жаза-
тын медиа сегменті):**

1. @megapolis.kz
2. @holanewskz
3. @informburo.kz
4. @kazakh_inform
5. @ztb_kz

**Жаңалық тарататын Instagram парақшалар (қазақ тілінде жаза-
тын медиа сегменті):**

1. @Namys_official
2. @saebiz_banda
3. @kris_p_brothers
4. @Ztb_kz
5. @kaz.nurkz

Онлайн БАҚ (орыс тілінде жазатын медиа сегменті):

1. 365info.kz
2. Nur.kz
3. Tengrinews.kz
4. Zakon.kz
5. Rus.Azattyq-Rýhy.kz

Онлайн БАҚ (қазақ тілінде жазатын медиа сегменті):

1. Nur.kz
2. Stan.kz
3. Abai.kz
4. Alashainasy.kz
5. Qamshy.kz

Facebook желісінде пікір көшбасшыларының жазбаларында және оларға түскен комментарийлердегі өшпенділік тіліне қолмен мониторинг жүргізілді. Кілт сөздер бойынша («бақылауға арналған кілт сөздер тізімі» бөлімін қараңыз) ашық хабарламалар мен пікір көшбасшыларының ашық пікірлері, сондай-ақ басқа да желі қолданушыларының пікір көшбасшыларының ашық жарияланымдарына жазған комментарийлері қарастырылды. Өшпенділік тілі болуы мүмкін-ау деген әр жазба (жазбаның өзінде немесе комментарийлерде) мамандарға (филологтар мен әлеуметтанушыларға) талдау үшін берілген аралық есепке енгізілді. Мәтін мен жарияланымға сілтемеден басқа, есеп мына көрсеткіштерді қамтыды:

- A. Пікірлердің жалпы саны.
- B. Өшпенділік тілі бар комментарийлердің жалпы саны.
- C. Өшпенділік тілі бар, ең көп реакция алған үш пікірге дейін (комментарийдегі эмодзи немесе «лайк»).
- D. Олардың түрлі тақырыпта екені ескере отырып, қатаң өшпенділік тілі бар түсініктемеге дейін таңдалды. Мысалы, кез келген этникалық топты «қуып шығуға» шақырған комментарийлер бірнеше рет қайталанды. Сондықтан есептің осы бөліміне осындай мазмұндағы бір ғана комментарий

кірді. Мүмкіндігінше, басқа екі комментарийдің ауаны басқа тақырыпта болғанын қадағаладық.

- E. Қатаң өшпенділік тілде екіден көп комментарий болмаған жағдайда, орташа және жұмсақ өшпенділік тілінде үш түсініктеме берілді.
- F. Репосттар саны.
- G. Реакциялар саны (лайк, дизлайк және басқа да эмодзилер).

Instagram жаңалықтар парақшасында да өшпенділік тіліне мониторинг қолмен жүргізілді. Комментарийлердің көптігіне байланысты (кейбір жарияланымдарда 3000-нан астам) өшпенділік тілі бар пікірлер мен ең көп лайк жинаған комментарийлерді таңдау Regex Search браузер плагинінің көмегімен жүргізілді. Сұранысқа байланысты, плагин ең көп ұнайтын пікірлерді көрсетті, ал бұл пікірлер өшпенділік тілі бар-жоғына тексерілді. Ең танымал комментарийлерді анықтағаннан кейін, қалған барлық комментарий талданып, жоғарыдағы көрсеткіштер тізіміндегі D және E тармақтарына сәйкес есеп бағандары толтырылды. Сондай-ақ комментарийлердің көптігіне байланысты, Instagram топтарына арналған «өшпенділік тілі бар комментарийлер саны» сияқты есеп көрсеткіші ескерілмеді (B тармағы). Есепке жоғарыда көрсетілген тізімнен A, C, D, E, G көрсеткіштері кірді.

Онлайн БАҚ-та өшпенділік тіліне мониторинг жасау әдістеме жағынан Facebook және Instagram-дағы жарияланымдардан өзгеше болды. Атап айтқанда, кілт сөз сұрауларын қолдана отырып және оларды тиісті веб-сайтқа қатысты сүзгілеу арқылы зерттеу фокусына сәйкес келетін веб-парақшалар тобы табылды. Медиа-мониторинг жасаушы топ мақала тақырыптары мен олардың мәтнінде өшпенділік тілі бар-жоғына бастапқы талдауын жасады. Есепке веб-парақшаларға сілтемелер және кез келген тондағы өшпенділік тілі бар мақалалардан үзінділер енгізілді.

Мониторингте пайдаланылған кілт сөздердің тізімі

Қазақша кілт сөздер:

Аққұлақ, араб пен қытайдың қосындысы, бәрі қазақша сөйлесін, бетпақ орыс, дінсіз, доңғандар, дунган, дунген, дүнген диаспорасы, дүнгендер, итжегендер, кәпір, келімсектер, кетіру керек, қазақша білу міндетті, қара бет, қарақытай, қордай, қордайдағы дүнгендер, құлдар, құлдық сана, қытай, қытай тектес, қытай тілділер, қытайлар кетсін, мамбет, нацист, оларды қуу керек, орыс онбаған, орыс тілділер, орысбай, орысқұл, орыстар, орыстар кетсін, тексіз, тілсіз, үңгір, үңгірдегілер, үңгірліктер, ұлтшыл, ұлтшылдар, фашист, ханзу, ханьзу.

Орысша кілт сөздер:

Аксакал, беспорядки, выгнать дунган, выгнать из Казахстана, джонгар, джунгар, домой в Россию, избить дунган, казахский язык, казахстан для казахов, Каракемер, китайцы, Кордайский район, Куат Ахметов, Масанчи, нагыз, наказать дунган, националист, нацист, нацпатриот, расселить дунган, русские, русские обнагтели, сепаратизм, сепаратист, Сортобе, террорист, убить дунган, узбек, уйгур, ханьцы, христиане, шала, шала казах, языковой патруль.

Авторлар туралы ақпарат

Серік Бейсембаев



PaperLab зерттеу орталығының директоры. 15 жылдан астам тәжірибесі бар әлеуметтанушы-зерттеуші. Түрлі зерттеу құрылымдарында жұмыс істеген, зерттеу бөлімін басқарған, 100-ден аса зерттеу жобаларының әдістемесін дайындауға және жүзеге асыруға қатысқан. Қазақстандағы қоғамдық пікір, мемлекеттік басқару, ұлтшылдық және зорлық-зомбылық экстремизмі мәселелерін зерттеумен айналысады.



Ксения Кряквина

Саясаттанушы. 2019 жылы Назарбаев Университетінде “Саясаттану және халықаралық қатынастар” мамандығы бойынша магистр дәрежесін алған. 2019 жылдан бері Сүлейман Демирел университетінде “Халықаралық қатынастар” мамандығы бойынша аға оқытушы қызметін атқарады.



Дина Көшербаева

КИМЭП университеті Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультетінің аға оқытушысы. 2015 жылы Ұлыбританияның Эдинбург университетінде “Қолданбалы лингвистика” мамандығы бойынша ғылым магистрі дәрежесін алған. “Болашақ” стипендиясының иегері. Қазір Гонконг білім беру университетінде Лингвистика және заманауи тілдер департаментінің докторантурасында оқиды.

Оразай Қыдырбаев

Тәуелсіз зерттеуші, медиа сыншы. Сүлейман Демирел атындағы университеттің “Әлеуметтік ғылымдар кафедрасында” оқытушылық қызмет атқарған. “Журналистика” мамандығы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі. Қазақстандағы медианың өзін-өзі реттеуі бойынша қоғамдық комитеттің мүшесі. Медиа және идеология, Қазақстан медиасының политэкономиясы, медиа және гендер тақырыптарында зерттеулермен айналысады.



Дәмеш Сатова

Еуразиялық зерттеулер саласы бойынша гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар магистрі. Назарбаев Университеті Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінің 2021 жылғы түлегі. АҚШ Үкіметінің Fulbright FLTA грантының иегері.



Зерттеу қызметін бастағалы цифрлық деректерді жинаудағы, этнографиялық хаттар мәдениетіндегі, әсіресе Women Writing Culture-дегі этнография әдістеріне қызығады.

Сонымен қатар бейформал экономика, үй шаруашылығы, Орталық Азияның шағын қалаларындағы отбасылық және туыстық қарым-қатынастар бойынша антропологиялық зерттеулермен айналысады.

Жұлдыз Смағұлова, PhD, ф.ғ.к

КИМЭП университетінің Білім беру және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, доцент. Тіл идеологиясы, тілдерді оқыту мәселелері және көптілділік жағдайында тілдік ресурстарға қолжетімділіктің теңсіздігі мәселелеріне ғылыми көзқараспен біріккен тілдік саясат бағыттары бойынша зерттеулермен айналысады.



Language Change in Central Asia (Mouton de Gruyter, 2016) жинағы, Әлеуметтік лингвистикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі (2020) авторларының бірі. *Journal of Sociolinguistics*, *International Journal of Bilingualism*, *International Journal of the Sociology of Languages*, *World Englishes* журналдарында мақалалары жарияланған.

Басуға 26.11.2021 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Жылтыр қағаз. Гарнитура PT Sans.
Цифрлы баспа.
Шартты баспа табағы 12. Таралымы 100 дана.
Тапсырыс № 528.11.2021

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шығарылды

«Universal Print Media» ЖШС, 050026,
Алматы қ., Төлебаев к-сі, 117
Тел. +7 (727) 222 22 02
www.uniprint.kz

ISBN 978-601-06-8168-2



9|786010|681682|